



Мақсат ХАЛЫҚ: ЭКОНОМИКАНЫ ӘРТАРАПТАНДЫРУ – УАҚЫТ ТАЛАБЫ

ӘЛЕУМЕТ

4



БАЛАҚАЙ, АТЫҢ КІМ?

Есіміңе көңілің
тола ма?

6

БІРЕГЕЙ ӘДІС



ЖҮРЕК ҚАҒЫСЫ ҚАДАҒАЛАНАДЫ

10

Almaty

AQSHAMY



Газет 1988 жылдың 1 шілдесінен бастап шығады | №97 (6390) 15 тамыз, сейсенбі, 2023 жыл. | www.almaty-akshamy.kz

САЯСАТ

ҰЛЫ ЖІБЕК ЖОЛЫ

Алматы Орталық Азияның көшбасшы қаласына айнала ма?



Ұзақ уақыттан бері халықаралық сауданың дамуы теңіз тасымалына иек артып келді. Тасымал құнының арзандығы су жолын әлем экономикасы мен халықаралық саудада маңызды секторға айналдырды. Халықаралық тауар айналымының 80%-дан астамы теңіз тасымалы арқылы жүзеге асты. Бұл теңіз-мұхитқа шектесетін елдер үшін әлемдегі ірі нарықтарға енуге зор мүмкіндік сыйлады. Керісінше, мұхиттан шалғай жатқан елдердің жаһандық нарықтағы бел-

сенділігі төмен бағаланып келді. Алайда, технологиялардың дамуы мен коммуникациялардың жаңалануы бұл «заңдылықты» өзгерте бастады. Оның үстіне, державалардың су жолындағы сауда ағынына деген бәсекесі, ондағы мүдде қайшылығы құрлық жолдарының дамуын жеделдетті. Нәтижесінде мың жылға жуық ұйқыда жатқан Жібек жолы оянды. Еуразия құрлығының екі шетінде жатқан алып экономикаларды тұтас-тырудың балама жолы ретінде бой көтерді.

2

КҮРДЕЛІ ЖӨНДЕУ

ЖЫЛУ ҚАЗАНДЫҒЫНЫҢ ЖҰМЫСЫ ТЕКСЕРІЛДІ

Алматыда жылыту маусымына дайындық барысына арналған баспасөз туры өтті

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Алматы қаласы бойынша департаменті «Алматы электр станциялары» АҚ жөндеу жұмыстарын орындау және Алматы энергосетілерінің бірінің жылыту маусымына дайындығы бойынша баспасөз туры өткізді.

Олжас
ЖОЛДЫБАЙ

«АлЭС» АҚ орталықтандырылған жылумен жабдықтау аймағында Алматы қаласын электр энергиясымен 51,4%-ға, ал жылу энергиясымен 70%-ға өндіреді және қамтамасыз етеді. Объектілердің электр қуаты – 1235,7 МВт, жылу қуаты – 4049 Гкалл. Өндірістік қуаттар жыл сайын 5 млрд кВт сағаттан астам, ал жылу энергиясы 5,3 млн Гкалл астам өндіруге мүмкіндік береді.

А.Жақұтов атындағы Алматы ЖЭО-2 электр және жылу энергиясын біріктірілген өндіру бойынша Қазақстандағы ең ірі жылу станциясы болып табылады. Оның белгіленген электр



Суреттерді түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

қуаты – 510 МВт, жылу қуаты – 1411 Гкалл/сағ.

Үш энергия көзі, ЖЭО-2, ЖЭО-1 және БЖК, бірлескен жұмысымен бір-бірін теңестіре отырып, Алматы қаласы тұтынушыларының жылу энергиясын сенімді қамтамасыз етеді.

Сапар барысында Департамент алдағы жылыту кезеңіне дайындықпен байланысты жұмыстар жүргізіп, рет-

телетін қызметтерге арналған инвестициялық бағдарламаның іске асырылу барысымен танысты. АлЭС мамандарының айтуынша, 2023-2024 жылдардағы жылыту маусымына дайындық аясында негізгі жабдықты жөндеу кестесі әзірленіп, бекітілді және «KEGOC» АҚ жүйелік операторының ұлттық диспетчерлік орталығымен келісілді.

4

KAZHYDROMET.KZ

Алматы қаласы бойынша
ауа райы болжамы
(бүгін және ертең)

15.08.2023

Түнде:



+10+12 °C

Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.

Күндіз:



+23+25 °C

Көшпелі бұлтты,
аздаған жаңбыр.Желдің жылдамдығы:
3-8 м/с

16.08.2023

Түнде:



+12+14 °C

Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.

Күндіз:



+25+27 °C

Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.Желдің жылдамдығы:
3-8 м/с

www.almaty-akshamy.kz





САРАПТАМА

ҰЛЫ ЖІБЕК ЖОЛЫ

Алматы Орталық Азияның көшбасшы қаласына айнала ма?

(Басы 1-бетте)

Мәселенің мәні

Жібек жолының оянуына түрлі факторлардың әсер еткені рас. Соның ішінде АҚШ пен Қытай арасындағы мүдде қайшылығы басты фактордың бірі. Енді бір жағынан мұны жаңа әлемдік тенденция ретінде қарастыруға да болады. Бірақ бізге болмыстың саяси мәнінен көрі, беретін экономикалық пайдасына көбірек зер салу маңызды.

Өйткені, державалардың бәсекелік қарым-қатынасы ақпараттық соғыстың жаңа майданын ашты. Оның салдары бізге нақты ситуацияны бағалауда қиындықтар тудыруда. Былайша айтқанда, біз сол ақпараттық соғыстың негізгі алаңдарының біріне айналдық. Бұл енді өз алдына үлкен тақырып. Сондықтан шешім жасауда үрдістің тарихи мәніне үңілген көбірек тиімді.

Айталық, Жібек жолының жандануы Еуразия кіндігіндегі осы аймақты және ондағы халықтың тарихында бұған дейін де болған. Ол және осы аймақтағы даңқты мемлекеттердің құрылуына, олардың гүлдену дәуіріне түс келді. Өз дәуіріндегі жаһандық сауданың күре тамырын бақылау, қамтамасыз ету Орта Азиядағы тарихи жұрттарды маңызды күшке айналдырған болатын.

Балықты құрлыққа шығарған не?

Атап өткеніміздей, ақпараттық соғыстың қызу демі біздің қоғамда Жібек жолының қайта жандана бастауына қатысты көзқарасты әркелкі етті. Бізде тіпті бұл тенденцияны біржолата Қытайға телу, Бейжіңнің авторлық жобасы ретінде қараушылар да бар. Шын мәнінде, Қытайдың «Жаңа Жібек жолына» салмақ беруін кіріптарлық деп бағалауға болатындай. Су жолындағы қатаң бәсекелестіктен ығысуы өз алдына, Қытайдың құрлық жолына «бәс тігуінде» мынадай ішкі себептер де бар:

Біріншіден, ішкі өңіраралық теңсіздік. Қытайда қарқынды экономикалық реформалар әу баста теңіз-мұхитқа шектесетін, шығыс және оңтүстік-шығыс өңірлерінде жүрді. Осы аумақтағы өндірістің қарқынды дамуы ішкі өңіраралық теңсіздікке алып келді. Жағалау провинцияларындағы өндірістік күн барған сайын қымбаттап, еңбек нарығы да өзгерді. Соның өзі өндірісті елдің ішкі немесе Орта Азияға жақын батыс аумақтарына қарай жылжытуына тура келді.

Екінші – өндіріс бағытының жаңаруы. Қытайды «әлемнің өндіріс базасы» деп атайтыны бар. Әуелде жеңіл өнеркәсіп өнімдерін өндіруді қарқынды іске қосқан ел, біртіндеп өндіріс бағытын жаңа технологияларға қарай бұрды. Киім-кешектің орнына одан көрі көбірек пайда әкелетін смартфондарды, компьютерлерді өндірді. Өндірістің бұл бағыты үшін ең алдымен уақыт аса маңызды болды. Шикізаттың жеткізілуінен тартып, тауардың аларманға жетуіне дейінгі процесс теңіз тасымалы үшін ұзақ уақытты алды. Бұл табиғи түрде Қытайдың балама тасымал жолға деген зәрулігін күшейтті.

Үшінші – коммуникациялық технология мүмкіндіктерінің артуы. Су жолында жылдамдықты арттыру қиын әуе тасымалын арзандату одан да қиын. Есесіне, «тақтайдай тас жол» мен кедергісіз темір жолды дамыту алдыңғысынан жылдам, кейінгісінен арзан мүмкіндік бере алады. Міне, мұның бәрі Жібек жолының қайта жандануындағы табиғи факторлар ретінде де бағаланады.



Жаңа бәсекелестік

Қайта жанданған Жібек жолы географиялық орналасудағы артықшылықтарға байланысты Қазақстан үшін жаңа әрі тарихи мүмкіндік берері анық. Бірақ оны игерудегі ішкі дайындығымыз жеткіліксіз. Бұл отандық және шетелдік сарапшылар жағынан ұдайы айтылып келе жатқан мәселе. Әлемдік дағдарыстар мен тәуекелді бағалау агенттіктері, Дүниежүзілік Банк немесе Брукингс институты секілді орталықтардың өзі де бұны растайды. Бәрі дерлік тиімді көлік желілерін, заманауи логистикалық жүйелерді, шекаралық өткелдерді дамытқанда ғана Қазақстан осы жаңа тарихи мүмкіндіктің пайдасына келетінін қайталайды.

Бұдан бөлек, біз осы үрдістің дамуынан жаңа бәсекелестіктің өсіп шығатынын болжай аламыз. Яғни Жаңа Жібек жолы қалаларының арасындағы бәсекелестік. Бұл тікелей Алматы, Астана, Шымкент секілді еліміздегі ірі қалаларға қатысты. Бұл бәсекелестік жаңа экономикалық ағынды меңгеруге деген, ондағы қаржы ағынын өзіне бұруға деген бәсеке. Қазіргі кезде аймақтағы және бізден алыс аймақтардағы жағдай тұрақсыз көрінеді.

Өйткенмен, Еуразияны тұтастыратын құрлық жолы бәрі бірдей әлемдік экономика мен халықаралық сауданың маңызды тамырының бірі болып қалары анық. Сондықтан алдағы біршама ұзақ уақыт бойында осы сауда-экономика ағынында жаңа бәсекелестік тенденциясы сақталады. Елдер арасы және ел ішіндегі қалалар ортасындағы бұл бәсеке тұтас аймақтың экономикалық жағдайына, тұрғындарының әл-ауқатына әсер етуі мүмкін. Ең маңыздысы, сыртқы бәсекелестерді бағалау маңыздылығы қазірден бастап айқын көрініп келеді.

Танымал брендтердің қызығушылығы артты

Алматы еліміздегі ірі қалалар арасында тенденция талаптарына барынша сай келеді. Әсіресе, географиялық орналасуы, ауқымды нарық және біршама кемелденіп келе жатқан көлік-логистикалық мүмкіндіктері жағынан. Бизнес атмосферасының жағымдылығы, қолайлы климат, жеткілікті халық саны мен олардың сатып

алу қабілеті – мұның бәрі инвестициялық ағындарды өзіне бұрушы саналады. Бұл тұрғыдан Алматы Жібек жолының Орта Азиялық көшбасшысы болады деп сенімді болжайтын едік. Алайда, біз аймақтағы жаңа бәсекелестердің бой көтеріп келе жатқанын көріп отырмыз.

Жақын әрі қуатты бәсекелестің бірі – Ташкент қаласы. Өзбекстан орталық қаласы Орта Азиядағы шартсыз көшбасшы нарықтың қаратында. 2,5 млн шамасындағы қала тұрғындары мен Ташкент агломерациясы саналатын 3 миллионнан астам адаммен аса ауқымды нарықты құрайды. Дегенмен, бұған дейін бизнес атмосфера-сының тарлығы және тұрғындарының сатып алу қабілетінің төмендігімен көп жағынан өзінің қазақстандық бәсекелестеріне жол беріп келген. Ал қазір біз Өзбекстан билігінің әлеуметтік-экономикалық реформалармен қатар, орталық қаланы инвестицияға бейімдей отырып қарқынды дамытып жатқанын білеміз. Тұрғындардың да сатып алу қабілетінің артуына байланысты бірқатар танымал брендтердің де Ташкент нарығына қызығушылығы артты. Бұлардан өзге, Алматымен көшбасшылық бәсекесінде артықшылық беретін факторлар бар.

Шығыста өсіп келе жатқан жаңа бәсекелес бұл күнде көзге көріне бермейді. Оны анықтау үшін біз Алматыдан ШҰАР орталық қаласы Үрімжіге дейінгі аумақтағы қалалардың даму тенденциясын бақылауымызға тура келеді. Әрине, Шыңжаңның әкімшілік орталығы болған Үрімжі 4 миллионнан астам халық саны бар (2022 жылғы санақ) әрі жан-жақты кемелдене түскен қаланың бірі.

Алайда, Алматыдан шығысқа қарай 1000 шақырым қашықтықта жатуы оны осы аумақтағы сауда ағынын игеруде дәрменсіз етеді. Анығында, Қытай соңғы он жыл ішінде «Бір белдеу, бір жол» жобасын ұсына отырып, оны жүзеге асыру үшін Орта Азияға шығатын «екі үлкен қақпа» қажет екенін түсінгендей. Мұның оңтүстік қақпасы (сауда-экономикалық дәлізді Тянь-Шань тауының оңтүстігі мен солтүстігіне бөлді) Қашқар болатыны анық. Себебі, шекараға жақын әрі әуелден белсенді экономикалық тынысқа ие. Ал солтүстікте бірнеше нұсқалар арасынан Қорғас қаласының ықтималдығы жоғары. Мұны аталған шағын қаланың жылдам дамуынан анық байқай аламыз. Халқы қысқа уақытта 40 мың айналасы-

нан 106 мыңға (қала халқы 71 466 адам, агломерациясында 100 мыңнан астам) жетті. Әрине, миллиондаған халқы бар байырғы қалалар қасында мұны бәсекелес қатарында сөз ету қиынсыз. Бірақ біз аталмыш қаланың құрылуынан қазірге дейінгі жүзеге асырылып жатқан және алдағы стратегияның ауқымды екенін көре аламыз.

Мүмкіндік пен сын-қатер

Аталмыш шекаралық қала бұл күнде Қытайдың құрлық сауда тасымалының негізгі шығар көздерінің бірі. Шыңжаңдағы ең үлкен порт қаласы. Бұған дейін «алдында дүкен, артында қойма» дейтін үлгіде дамытылып келген болса, енді қаланы өндіріс орталығының бірі етуді де көздеген.

Айталық, қаланың бас даму жоспарында «алдында дүкен, артында зауыт» дейтін жаңа үлгі қосылған. Қала агломерациясын қоса дамытуға да баса мән беріліп жатқанын байқау қиын емес. Тек бұл ғана емес, Шыңжаңның солтүстігінде, Алматы, Абай және Шығыс Қазақстан облыстарымен шектесетін шекара өткелдері мен оған жақын қалалар кеңею қарқынына ие. Алашанку, Шәуешек сынды шекаралық шағын және орташа қалалардың даму тенденциясы осыны аңғартады. Бұл еліміздің аталған өңірлеріне жаңа сындарды әкелері анық. Шығыс шекарамыздың сыртындағы қалалардың өсуі бізге болашақтағы қаржының сыртқа ағылуы сынды қауіптерді елестетеді. Кемінде Алматы сынды бизнес орталықтарының дамуына, ішкі өндірістің қалыптасуына өзіндік ықпал етері сөзсіз. Қарапайым тілмен айтқанда, жақын шекарадағы дамыған қызмет өтеу түрлері, арзан өндіріс немесе қолайлы бизнес ортасы осы аумақтағы кәсіпкерлердің, тұтынушылардың сыртқа ағылуын, ал өндірістің әлсіреуін тудыруы мүмкін. Бұл бізге тенденцияның жаңа қырын, бәсекелестіктің жаңа түрлерін ескерткендей. Тарихи мүмкіндіктермен қоса, онымен қатар келетін сын-қатерлердің де салмағын танытқандай.

Естай БОЖАН,
сарапшы.



БАЙЫПТАМА

АҚШ–ЖАПОНИЯ:

ӘСКЕРИ БАЙЛАНЫСЫ
НЫҒАЙЫП КЕЛЕДІ

Соңғы күндері батыс және жапон басылымдары АҚШ пен Жапония арасындағы әскери ынтымақтастық жайлы жаза бастады. Оған осы аптада өтуі тиіс АҚШ президенті Джо Байден мен Жапония премьер-министрі Фумио Кисида арасындағы кездесу себеп болып отыр. Жоғары деңгейдегі шара АҚШ, Жапония және Оңтүстік Корея басшылары арасындағы саммит аясында өтеді. Кездесу Американың Мэриленд штатындағы президенттің резиденциясында өтеді деп күтілуде. Мұнда екі ел арасында гипердыбыстық зымырандарды әуеде залалсыздандыратын әскери қорғаныс жүйесін құру туралы келісім-шартқа қол қойылады.

Токио қорғанысын күшейтуге мәжбүр

Өткен жылы 16 желтоқсанда Токио жаңа ұлттық қауіпсіздік стратегиясын қабылдады. Стратегия орташа уақытқа арналып, 2027 жылға дейін заңды күшке ие. Оның негізінде үш құжат жаңарды. Оларға Ұлттық қауіпсіздік стратегиясы, Ұлттық қорғаныс стратегиясы мен Қорғаныс құрылысы жоспары жатады. Басты стратегия ретінде жауап қайтару таңдалды. Бұл бірінші болып қару қолданбаймыз дегенге саяды. Тек қорғану үшін әскери әлеуетімізді күшейтеміз дейді Жапон билігі. Кез келген бағдарлама, не стратегия жүзеге асуы үшін қаражат қажет. Токио бұл жағын да ойластырыпты. 2027 жылға дейін елдің қорғаныс саласына 43 трлн йен қаражат бөлінеді. Бұл шамамен, 320 млрд АҚШ доллары. Бұл Жапонияның қорғаныс саясатын түбегейлі өзгертуді дегені. Себебі, осы уақытқа дейін елдің жалпы ішкі өнімнің (ЖІӨ) тек 1%-ы ғана қорғаныс саласына бөлінетін. Мұндай саясат 1976 жылда қабылданған «Ұлттық қорғаныс бағдарламасы» атты құжатта бекітілді. Бұл шектеудің өзінде Жапония қорғаныс саласына бөлінетін қаражат



жағынан көш соңында емес еді. SIPRI рейтингісінде Жапония бөлінетін қаражат бойынша алдыңғы қатарлы ел болып саналады. Мысалы, 2021 жылы 46 млрд АҚШ долларымен 9-орында болса, 2022 жылы 10-орынды иеленді.

Ал енді жаңа қорғаныс стратегиясы қабылданған соң 2027 жылға қарай ЖІӨ-нің 2%-ы қорғаныс саласына бөлінеді. Сонда жылына 64 млрд АҚШ доллары шамасында қаражат бөлінеді. Мұндай әрекетке баруға Токио мәжбүр болып отыр. Себебі, геосаяси жағдай шиеленісті. Еуропа құрлығы тағы да саяси тұрақсыз. Ресей мен Украина арасындағы әскери-саяси шиеленіс әлемдегі жағдайды өзгертті. Бұл жағдай барлық салаға әсер етіп отыр.

Стратегияны жүзеге асыруда Жапония АҚШ-қа арқа сүйейді. Жоғарғы деңгейдегі алғашқы кездесу биыл қаңтарда өтіп еді. Енді міне, тамыз айында келесі кездесу өтпек. АҚШ, Жапония және Оңтүстік Корея елдері арасындағы ұшжақтық саммит болады. Сонда гипердыбыстық зымырандарды әуеде залалсыздандыратын әскери қорғаныс жүйесін

құру туралы келісімге келеді деп күтілуде. Басты мақсат – Ресей, Қытай мен Солтүстік Кореяның зымырандарынан қорғану жүйесін құру.

Милитаризация – әлемдік тенденция

Быттыр әлемдегі геосаяси жағдай шиеленісті. Бейбітшілікті зерттейтін Стокгольм халықаралық институтының (SIPRI) өткен жылғы сараптамасы бойынша, әлемде әскери шығын көлемі күрт артқан. Әлем елдері өткен жылы 2,24 трлн АҚШ долларын әскери салаға жұмсаған. Салыстырар болсақ, бұл әлемде мықты экономика саналатын Оңтүстік Корея елінің ЖІӨ-нен көп. Өткен жылы бұл елдің ЖІӨ 1,9 трлн АҚШ доллары болған.

Рейтингті әдеттегідей АҚШ бастап келеді. Өткен жылы алпауыт мемлекет 877 млрд АҚШ долларын әскери салаға жұмсаған. Бұл ЖІӨ-нің 3,5%-ын құрайды. Одан кейінгі орында Қытай Халық Республикасы. Быттыр әскери бюджеті 292 млрд АҚШ долларын

құраған. Үштікті Ресей аяқтап отыр. Солтүстік көршіміз 2021 жылмен салыстырғанда әскери бюджетін ұлғайтқан. Себебі, ол жылы рейтингте 5-орында еді. Елдің әскерге бөлген қаражаты 86,4 млрд болды.

2021	2022	Мемлекет	2022 (млрд АҚШ доллары)	2022 ЖІӨ-нің қанша %	2022 Бүкіл әлем бойынша үлес (%)
1	1	АҚШ	877	3,5	39
2	2	Қытай	292	1,6	13
5	3	Ресей	86,4	4,1	3,9
3	4	Үндістан	81,4	2,4	3,6
8	5	Сауд Арабиясы	75	7,4	3,3
9	10	Жапония	46	1,1	2,1

Жалпы, халықаралық зерттеу институтының сараптамасы бойынша Орталық және Батыс Еуропаның әскери бюджеті суық соғыстағы деңгейге жеткен. Әсіресе, әскери бюджет Финляндия, Литва, Швеция және Польшада өскен. Мысалы, Финляндияда 2021 жылмен салыстырғанда, өсім 36%-ды құраған.

Негізі, әлемде әскери бюджеттің өсімі 2014 жылдан бері байқалады. Мысалы, Қытайдың өткен жылғы әскери шығыны 2013 жылмен салыстырғанда, 63%-ға көп. Ал ЕО 30%-ға әскери шығынды өсірген.

АҚШ пен Қытай арасы шиеленісуі мүмкін

Жапонияның әскери әлеуетін арттыру әрекеттерінің басты себебі, Еуропадағы шиеленіс болса да, бұл АҚШ пен Қытай қарым-қатынасына сызат түсіруі мүмкін. Бұл Азия-Тынық мұхит аймағында да геосаяси жағдай нашарлайды деген сөз. Себебі, Жапония әуе қорғанысын Қытай зымырандарынан қорғану үшін де күшейтіп отыр.

Пердехан
ШӘМШИЕВ,
сарапшы.



ҚАЛА-ҚАРБАЛАС

ЖОЛ ЖӨНДЕУ ЖАЛҒАСЫП ЖАТЫР

Әл-Фараби даңғылы: соңғы бөлікте құрылыс басталады

Қаладағы негізгі даңғылдардың бірінде көлік қозғалысы бекітілген кестеге сәйкес 31 тамызға қарай аяқталуы керек болған. Алайда, жөндеу жұмыстары мерзімінен бұрын аяқталады деп жоспарланып отыр.

Әл-Фараби даңғылындағы жолдың оңтүстік жағындағы жол жөндеу жұмыстары толық аяқталды, ал солтүстік жағымен Достық даңғылынан Дулати даңғылына дейін асфальтбетон жабыны төселіп, көлік қозғалысы ашылды. Соңғы бөлікті жөндеу жұмыстары ауа райы қолайсыздығына байланысты кейінге қалдырылған болатын.

Ауа райы қолайлы болған жағдайда, 14 тамыз сағат 23.00-ден 16 тамыз 06.00-ге дейін әл-Фараби даңғылының соңғы Дулати даңғылынан Асқаров көшесіне дейінгі бөлігінде жөндеу жұмыстары жүргізіліп, уақытша көлік қозғалысы шектеледі.

Жөндеу аумағын Торайғыров және Мұстафин көшелерінің бұрылыстары мен айналма жолдары арқылы айналып өтуге болады.

Жол қозғалысына қатысушылардың қауіпсіздігін пәтуірлік полиция қызметкерлері қамтамасыз етеді. Жол жөндеу жұмыстары жайлы соңғы жаңалықтар қала әкімдігі мен қалалық Мобильділік басқармасының ресми парақшаларында, Алматы жол телеграм арнасында (<https://t.me/AlmatyJoly>), сонымен қатар, 2ГИС және Яндекс карта қосымшаларында қолжетімді.

Жөндеу жұмыстарының жүргізілуіне байланысты 15 тамыз күні келесі маршруттардың сызбаларына уақытша өзгерістер енгізіледі:

№34 – солтүстік бағытта – «А/С Арман» КП-дан басталып – Жароков к-сі – әл-Фараби даңғ. – Навои к-сі – Торайғыров



к-сі – Мұстафин к-сі – бұдан әрі схема бойынша; Оңтүстік бағытта – өзгеріссіз;

№86 – батыс бағытта – әл-Фараби даңғ. – Навои к-сі – Торайғыров к-сі – Мұстафин к-сі – әл-Фараби даңғ. – К/П-ны «Арман А/С» аялдама пунктіне көшіру; шығыс бағытта – «Арман А/С» К/П-дан басталуы – әл-Фараби даңғ. – әрі қарай схема бойынша;

№28 – солтүстік бағытта – әл-Фараби даңғ. – Навои к-сі – ары қарай схема бойынша; Оңтүстік бағытта – «Біржан к-сі» КП – Навои к-сі – Торайғыров к-сі – Мұстафин к-сі – әл-Фараби даңғ. – одан әрі схема бойынша;

№67 – оңтүстік бағытта – Мұстафин к-сі – әл-Фараби даңғ. – бұдан әрі схема бойынша; Солтүстік бағытта – өзгеріссіз;

№135 – солтүстік бағытта – әл-Фараби даңғ. – Навои к-сі – Торайғыров к-сі – Мұстафин к-сі – бұдан әрі схема бойынша; оңтүстік бағытта – Навои к-сі – Торайғыров к-сі – Мұстафин к-сі – әл-Фараби даңғ. – бұдан әрі схема бойынша;

№32 – солтүстік бағытта – әл-Фараби даңғ. – Навои к-сі –

Торайғыров к-сі – Мұстафин к-сі – бұдан әрі схема бойынша; Оңтүстік бағытта – Мұстафин к-сі – әл-Фараби даңғ. – бұдан әрі схема бойынша;

№103 – солтүстік бағытта – әл-Фараби даңғ. – Навои к-сі – Торайғыров к-сі – Мұстафин к-сі – бұдан әрі схема бойынша; Оңтүстік бағытта – өзгеріссіз;

№63 – батыс бағытта – әл-Фараби даңғ. – Навои к-сі – Торайғыров к-сі – одан әрі схема бойынша; Шығыс бағытта – Мұстафин к-сі – әл-Фараби даңғ. – одан әрі схема бойынша;

№119 – оңтүстік бағытта – Мұстафин к-сі – Торайғыров к-сі – Саин к-сі – Асқаров к-сі – бұдан әрі схема бойынша; Солтүстік бағытта – өзгеріссіз;

№38 – батыс бағытта – әл-Фараби даңғ. – Навои к-сі – Торайғыров к-сі – Саин к-сі – бұдан әрі схема бойынша; Шығыс бағытта – өзгеріссіз;

№15 – солтүстік бағытта – әл-Фараби даңғ. – Навои к-сі – Торайғыров к-сі – Мұстафин к-сі – бұдан әрі схема бойынша; Оңтүстік бағытта – өзгеріссіз;

№98 – батыс бағытта – әл-Фараби даңғ. – Навои к-сі – Торайғыров к-сі – Саин к-сі – Рысқұлбеков к-сі – бұдан әрі схема бойынша; Шығыс бағытта – Рысқұлбеков к-сі – Мұстафин к-сі – әл-Фараби даңғ. – бұдан әрі схема бойынша;

№121 – оңтүстік бағытта – Навои к-сі – Торайғыров к-сі – Мұстафин к-сі – әл-Фараби даңғылы – Розыбакиев к-сі – әл-Фараби даңғылы – одан әрі схема бойынша; Солтүстік бағытта – өзгеріссіз;

№211 – оңтүстік бағытта – әл-Фараби даңғ. – Навои к-сі – Торайғыров к-сі – Мұстафин к-сі – әл-Фараби даңғ. – бұдан әрі схема бойынша; Солтүстік бағытта – өзгеріссіз.

Естеріңізге сала кетейік, Алматыдағы магистральдық көшелерге жол төсемін төсеуде алғаш рет жаңа технологияларды қолданылды. Асфальтбетондардың құрамында полимерлер қолданылады. Мұндай қоспалар тозуға төзімді, жұмсару температурасы жоғары (65–70°C), ыстыққа төтеп беріп, әлдеқайда ұзағырақ қызмет етеді. 8–10 жыл пайдалануға болады.

Жол жөндеу жұмыстары 2023 жылға жоспарланған жұмыстар аясында жүргізіліп отыр. Уақытша қолайсыздықтар үшін кешірім өтінеміз. Бұл қала жолдары ұзағырақ пайдалануға қажетті шара. Маршрутты алдын ала жоспарлап алыңыздар.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».



НАРЫҚ

Алматыда тұңғыш рет тек қазақ тілінде «Sana Business Forum» аталатын бизнес форум өтеді. Алқалы жиынға қаржыгерлер, экономистер және кәсіпкерлер қатысады. Жиынды ұйымдастырушылар оны экономика, бизнес және қаржы салаларында тәжірибе алмасуға және өзекті мәселелердің шешімін табуға септігін тигізетін кәсіби платформаға айналдыруды көздеп отыр. Осыған орай, біз тұңғыш рет мемлекеттік тілде бизнес форумды ұйымдастырушылардың бірі, белгілі экономист, қаржыгер Мақсат ХАЛЫҚПЕН тілдескен едік.

САНАДА МӘДЕНИ ТӨҢКЕРІС ЖАСАУ КЕРЕК

— Алматы қаласында тұңғыш рет қазақ тілінде «Sana Business Forum» өтеді. Жаңа жағдайдағы бизнес мүмкіндіктерін қарастыруға арналған форумға Үкімет мүшелері, беделді бизнесмендер, жергілікті кәсіпкерлер қатысуда. Бүгінгі іскерлік жиынның маңызы туралы айта кетсеңіз...

— «Sana Business Forum» бизнес форумы еліміздің тарихында елеулі орын алады. Мұны өткізу қоғам қажеттілігінен туып отыр. Бұған дейін қаншама бизнес форумдар өтті. Мемлекеттік деңгейде де өткізілді. Бәрінің басы мемлекеттік тілде басталып, аяғы орысшамен тынады. Бастан-аяқ қазақ тілде өткен форум некен-саяқ. Әрбір экономикалық форумға қатысқанда іштей қынжыламыз. «Қазақша өткізетін спикерлер жоқ, форумның деңгейі төмендеп кетеді» деген сылтаулар айтылады. Осы стереотипті бұзуға ықпал етіп жатқан ниетіміз бар. Осы бағытта жұмыс жасап отырмыз. Біз мұны барынша жоғары деңгейде өткізуге күш салдық. Мақсат — үкімет, бизнес, ғылым арасында байланыс орнататын үлкен платформа құру. Өйткені, алқалы жиынға үкімет мүшелері, ғалымдар, нарықтағы тәжірибелі мамандар, белгілі кәсіпкерлер тартылды. Өздерінің ойларын бөлісті. Бастысы, үкімет мүшелеріне де тікелей ұсыныс айтуға мүмкіндік туды. Сондай-ақ, «Sana» деп атауымыз бекер емес. Біз ұлттық экономиканы қалыптастырып, халқымыздың әл-ауқатын арттырып, өзіндік бірегей экономика құруға ұмтылсақ — әуелі санада өзгерістер болуы керек. Бір сөзбен айтқанда, санада мәдени төңкеріс жасауымыз тиіс.

— Қаржының есепсіз сыртқа кетіп жатқаны рас. Қазір Қазақстан басқа елдер үшін майшелпек және банан елге айналдып отырғаны өтірік емес. Осы тұста сыртқа кеткен қаржыны қайтаратын заңға қол қойылды. Мұның елге тигізер пайдасы неде?

— Сыртқа кеткен активтерді қайтаратын заң шықты. Арнайы комиссия құрылды. Бірақ бұл комиссия Бас прокуратураға емес, ел Президентіне тікелей бағынуы қажет деп есептейміз. Себебі, оның дәрежесін, құзыретін осылай ғана арттыра аламыз. Бұған кімдер мүше болады, ол жағы өте маңызды. Онымен қоса, 100 миллион доллардан асатын соманы іздейтін көрінеді. Кейін одан да төмен қаражаттарға іздеу салады. Тіпті, 1 миллион доллар қаржы болса да, ол — халықтың қаржысы. Ел-жұртың салығынан жиналған бюджеттік қаражат. Неге оны санамауымыз керек? Меніңше, қоғамдық бақылау болуы тиіс. Осыған дейін елімізден шығып кеткен 160 миллиард доллар былай тұрсын, әлі де заңсыз және заңды жолмен, әртүрлі схемамен шығып жатқан қаражат көп. Сондықтан осындай қиырқы схеманың жолын бөгейміз керек. Мәселен, шелектің түбі тесік болса, одан судың ағуы ешқашан тоқтамайды. Шелектің тесігін бітеп, шетелге кеткен қаражатты нақты қайтару жолдарын

Мақсат ХАЛЫҚ, қаржыгер:

ЭКОНОМИКАНЫ ӘРТАРАПТАНДЫРУ — УАҚЫТ ТАЛАБЫ



жасайық. Әртүрлі бейресми деректерде 200 миллиард доллардан асады делінеді. Теңгеге шақсақ, 100 триллион теңгеден асады. Бұл — Қазақстанның жалпы ішкі өнімімен тең қаражат. Яғни тағы бір Қазақстан шетелде жүр деген сөз. Қазір қайтқан мал-мүлікті жарияға жар салып, айқайлап айтып жүрміз. Алайда, бар болғаны — 730 миллиард теңге. Ол әлгі мысалға алған 100 триллион теңгенің 1%-ына да жетпейді. Жарайды, 30%-ы қайтса бір жөн. Сондықтан алда қыруар жұмыс атқару қажет. Көзбояушылықтан гөрі жоспарлы, жүйелі жұмыс жасауымыз тиіс.

Сырттан қайтқан қаржыны Ұлттық қорға түгелдей аудару қажет. Мемлекет басшысының бастамасымен 18 жасқа дейінгі балаларға есепшот ашылып, Ұлттық қордан қаражат бөлінеді. Елге қайтып жатқан мол қаржыны сонда аударсақ, көлемі ұлғаяды. Қазіргі уақытта онда 57 миллиард доллар бар деп айтылады. Шетел асқан мал-мүліктің 50 миллиард долларын қайтара алсақ, Ұлттық қордағы қаржы 100 миллиардқа жетеді. Көлем артқан сайын инвестициялық кіріс тек көбейеді. Қазір тағы да қор ашылып соған шетелден қайтқан қаржыны салмақшы. Бізде ондай қорлар ашылды ғой. Мысалы, «Қазақстан халқына» деген қор бар. Ол туралы көп айтылмайтын болды. Қаражаты қайда, қалай жұмсалып жатыр беймәлім. Жаңадан ашылатын қор да соның кебін кимесіне кім кепіл? Егер сырттан келген қаражаттар Ұлттық қорға құйылса, онда Ұлттық банктің қадағалауында болады. Сосын Ұлттық қорға да түрлі себеп айтып, қол сала бермейік. Бюджет тапшылығын Ұлттық қор аударымдары арқылы толтырып отырмыз. Яғни келешек ұрпақ қорын анау-мынауы дақпыртып жұмалап жатырмыз. Демек, елдегі бюджет саясатын қайта қарайтын кез жетті.

БІЛІМ ОШАҚТАРЫНА «ҚАРЖЫЛЫҚ ӘЛІППЕ» ПӘНІН ЕНГІЗГЕН ЖӨН

— Халықтың қаржылық сауатын арттыру үшін не істейміз керек?

— Ең бірінші кезекте, ұлттық бағдарлама қабылдау керек. Бүгінде Ұлттық банктен, Қаржылық қадағалау агенттігі бөлініп кетті. Оларда халықтың қаржылық сауаттылығын арттыруға қатысты бағдарлама жұмыс жасайды. Алайда, оның нәтижесі көңіл көншітпейді. Бұл мемлекеттік дәрежеде үлкен мән беретін бағдарлама болуы тиіс. Мектептің 4-сыныбына «Қаржылық әліппе» деген пән енгізуге болады. Себебі, Гарвард университетінің зерттеуін негізге алсақ, 7 жастан бастап қаржылық білім бере беруге болатын көрінеді. Әри-

не, енді әріп тани бастаған бүлдіршінге қаржы туралы айтқан ерте болар. Дегенмен, 10 жастың шамасындағы балаға қаржы әліппесін үйретуге болады. 6-7-сыныпқа көшкенде «Экономикалық кіріспе» деген пәннен сабақ берсек дұрыс-ақ болар еді. 9-10-сыныпта «Кәсіпкерлік негіздері» деген пән енгізейік. Сонда өз ұрпағымыздың қаржы жөнінен сауаттылығын арттырып, бизнеске ынтасын ашар едік.

Тағы бір мәселе — мұғалім. Сабақ сағатын толтыру үшін кітапханашы, география, математик кәсіпкерлік жайлы дәріс беріп кетпеуі керек. Бұл сабақты арнайы дайындалған экономист, қаржыгерлер оқытуы қажет. Сол кезде қандай да бір эффект орын алады. Сондай-ақ, балаларға арналған қаржылық кітаптар дайындалса деген ойдамыз. Мемлекеттік телеарналарда арнайы бағдарламалар жүрссе деймін. Онда қалай қаржыны үнемдейміз, қор нарығы, депозит, облигация, акция және т.б. көтеретін тақырып жетеді. Сонымен қатар, несиенің әдейі тоқталайық. Кіріспен шығыс категориясын есептеп, неғұрлым шығындарды азайтып, кірістерді ұлғайтуға болады — бәрі-бәрі қарайық. Қаржылық сауаттылыққа қатысты оқыту, үйрету платформасы құрылуы тиіс.

— Біздегі жаппай 10% салық саясатынан бас тартып, дамыған елдердегі озық тәжірибелерді енгізетін кез келді ме?

— Әлбетте! «Салық кодексі» әзірленді. Жеке табыс салығын салу бойынша прогрессивті көрсеткіш қолданылатын болып тұр. Мәселен, 100 мың теңгеге дейін айлық алатын азаматтарға мүлдем салық салынбауы керек. Одан жоғары болса белгілі бір деңгейде пайыздарды көбейте берсе болады. Табысы 1 миллионнан теңгеден асса 15%, 2 млн-нан асса 20 % деп бөліп қарастыруға болады. Табысына қарай салығын салу өте маңызды. Белгілі бір деңгейде бюджет кірістерін арттырады. Содан кейін «Байлық салығы» жөніндегі ұсыныстар айтып жүрміз. Бұл да тым шектен шықпауы қажет. Белден бассақ, бай-қуаттылар байлығын жасыра бастайды. Көлеңкелі экономика өседі. Еуропа елдерінде салық төлемейік үшін азаматтықтан бас тартып, өзге жақтан азаматтық алып жататын жағдайлар ұшырасады. Бізде өте қымбат тауарлар алып, Ferrari, Lamborghini автомобильдерін мінгісі келетіндер жетерлік. Оларға тиісті салығын салу қажет. Өйткені, сондай дәрежеге лайықты болып жүргің келсе, өз мемлекетіңе салықты көп төле. Бұндай салық реформасы аса ауқатты олигархтар мен қарапайым азаматтар арасын жақындатады. Айлық-табысқа күнелтіп жүргендерге салықты үйіп сала бермей, бай-бағландарды да көлемді салық

ҚАРАЖАТ ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕ «СӨЙЛЕСЕ»...

— Екінші деңгейдегі банктер кемінде несиені 27%-дан асырып береді. Араб елдері банктеріндей неге 3%-бен несие бермесе?

— Сұрақ өте орынды. Әлемнің дамыған елдерін қарайтын болсақ, тек Сауд Арабиясында ғана емес, Америка Құрама Штаттары, Еуропа елдерінде несие пайызы әлдеқайда төмен. Керек десеңіз, ипотекалық несиелері 3-4%-дан аспайды. Бізде неге 20%-ға дейін көтеріледі деген сұрақ туындайды. Оған мардымды жауап жоқ. Басты себеп — ақша несие саясатындағы олқылықтарда. Бұған әсер етіп тұрған фактор — инфляция. Экономикада «кешегі ақша бүгінгі ақша емес, бүгін ақша ертеңгі ақша емес, ол — құнсызданған ақша» деген сөз бар. Яғни кілтіпан — ақшаның құнсыздануында. Озық елдер, оның ішінде Еуропа мемлекеттерін қарасаңыз, инфляция 1-2%. Оларда соңғы жылдары ғана 5%-дан асып қарқындалды.

Десе де, біздегідей 20%-ды құрап тұрған жоқ. Осыны екінші деңгейлі банктер ескеріп, 27% мөлшерде кредит беріп отыр. 2008 жылға дейін несиелер азаматтарымызға онды-солды таратылды. Солар проблемалық несиелер болып жинақталды. Кейінірек осының салдарынан бірнеше банктер жұтылды. Проблемалық несиелер болған БТА банк «Казком» банкке өтті. Өздері де «Халық банк» құрамына өтуге мәжбүр болды. Сонымен қоса, осыған тікелей әсер еткен жағдай мәселелік несиелердің қордаланып қалуы еді. Бұл арада да жалған несие рәсімдеу де болған. Орташа статистикаға қарағанда, 3/1 адам алған қаржыны қайтармайды. Соның есесінен пайыздық мөлшерлеме өсіп кетеді. Кейбір кепілсіз несие алғандар «көлігімді, үйімді кепілге қоймадым, төлемеймін» деп міз бақпай жүріп алғандар ұшырасады. Бірақ олар болашақта жұрт алатын несие пайызының өсуіне ықпал етіп тұрғандығын біліп, елемейді. Мұндай енжарлықтың артында азаматтық жауапкершілік тұрады.

Базалық пайыз да инфляцияның жоғары болуымен түспей тұр. Ұлттық банктің базалық мөлшерлемесі 16,75%. Ондай жағдайда несие алған екінші деңгейлі банктер одан төмен халыққа кредит бермейді. Заң бойынша олар 56% несие беруге құқылы. Банктердің шегін 30%-дан асырмау қажет деген пікірдеміз. Бұл жұртқа қатты ауыртыпшылық түсірмес еді. Инфляцияны төсейік. Ол үшін отандық өнімнің бәсін арттырайық. Сол кезде 7-8% несие беріледі. Азаматтар мемлекеттен арнайы ипотекалық бағдарлама сұрап әуреленбейді. «7-20-25», «Баспана хит» дегенге жүгіне бермейді. Кез келген адам барып банкке кіріп, 7-8% ипотекаға үй ала беретін болады.

— Қаржы тақырыбындағы маңызды мәліметтің дені — орыс немесе ағылшын тілінде. Енді қайтеміз? Қаржы нарығын қалай қазақша сөйлетеміз?

— Қазір қандай кітап шықса да, тікелей ағылшын тілінен аударылады. Бұл аударма саласындағы оң өзгерістерді көрсетеді. Жас мамандарға да көптеп қолдау көрсету керек. Өзіміздің жас ғалымдар қазақ тілінде жеңіл, түсінікті оқулықты үлкендермен бірлесіп, шетел тәжірибесін ескеріп жазса дейміз. Ол қаламаққа дайындау, арнайы грант бөлу және т.б. қолдаулар арқылы іске асады. Сонда бизнес, экономик-

ка, қаржы секторында көптеп кітаптар жазылады.

Ұлттық экономиканың бет-бейнесін көрсету үшін хакім Абайдың еңбекке баулу, адалдық, кәсіпті игеру, мал табу сынды идеяларын алуға әбден болады. Алаш ардақтарының барлығы — бір-бір тау тұлға-тұғын. Алаш орда көсемі Әлихан Бөкейханов экономист болған. Ұлт зиялылары құрған мемлекет 5 жыл ғана тұрған шығар. Арты репрессия құрбанына айналды. Олардың жапондық үлгі арқылы даму стратегиясы өте орынды. Яғни ұлттық мемлекетті сақтап, өркениет көшбасшысына айналдыруға тырысты. Жалпы қазақ ұлтының тілі, ділі өркендеуі үшін ұлтымызға жанашыр жандар қызмет қылып, ел басқаруы қажет. Сөйтіп қана тіл мәселесін түбегейлі шеше аламыз.

ҚАЗАҚ БРЕНДІН ҚАЛЫПТАСТЫРУЫМЫЗ ТИІС

— Қашанғы табиғи ресурстарға сеніп, шикізатты экспорттап отыра береміз. Қалай экономиканы әртараптандыруға болады?

— Қазақстанға 30 жылдан бері тартылған инвестиция көлемі — 370 миллиард доллар. Сол қаражаттың 90% шикізат секторына жұмылдырылыпты. Дәп қазіргі кезде ғарышты игеріп, нанотехнология саласын меңгеру қиын. Аралық өнімді өңдеуіміз қажет. Әлемде қазақтың төл брендин қалыптастырамыз. Барынша аз шығынмен мол табыс көзін іздейік. Қазақ елінің экономикалық дамуына тікелей серпін беретін басым бағыттарын анықтап алайық.

Дәлірек: Ауылшаруашылық саласы, Туризм, Логистика. 20 миллион халқы бар елге бұл үлкен экономикалық дүмпу береді. Жаһандық экономикалық көштен қалып қалмауға негіз болады. Осыны жүзеге асырсақ, мұнай мен газға тәуелділіктен арыламыз.

Дамыған елдер ғылымға қатты көңіл бөледі. Жапония, Израиль, Германия ЖІӨ 4-5% ғылымға береді. Ал Қазақстанда бұл көрсеткіш — 0,3%. Өте ұят. Бұл түкке тұрмайды. Тым аз. Қазіргі уақытта 1% жеткіземіз деп талаптанып отырмыз. «Ғылымға қаржы бөлу ұлғайды» деп есеп береді. Бірақ әлі сен қозғалар емес.

Соңғы уақытта ҰҒА мемлекеттік статус беріп жатқандығы көңілге біраз үміт сыйлады. Сондай-ақ, стартап, IT жобалардың үлкен нәтижесі бар екендігін байқаймыз. Мобильді қосымшалар, банктердің жасап жатқан қоғамдық қажеттіліктері бар екендігін байқаймыз. Бұл бізде бәсекелестік ортаның қалыптасып бара жатқандығын көрсетеді. Әлемде Kaspi.kz қосымшасы жоғары бағаланады.

Баламалы энергетика көздері бойынша да үлкен мүмкіндіктерімізді пайдаланайық. Күннен, желден қуат көзін өндірейік. Жаңа стандартқа сәйкес келетін компанияларды құратын болсақ, өркендейміз. Осыған ғылыми жетістіктерді қосып дамыту қажет.

Ғылыми институттар мен университеттеріміздің жалақысы аз. Жұмыс жүктемесі көп. Сондықтан көптеген оқытушылар мектепке ауысып жатыр. Кейбір оқытушы-профессорлар қос университетте сабақ береді. Олар бұған айлық аз болғандықтан барып жүр. Өйткені, бала-шаға бағу оңай емес. Бұл да бір сынақ сияқты. Енді осы қалған мамандардың жалақысын арттыру қажет деп есептеймін. ЖОО оқытушыларының оқу жүктемесін қайта қарап, бір жерден қомақты айлық төленіп, ғылыммен де айналысуына жағдай жасау керек.

Әңгімелескен
Олжас ЖОЛДЫБАЙ.



● КҮРДЕЛІ ЖӨНДЕУ

ЖЫЛУ ҚАЗАНДЫҒЫНЫҢ ЖҰМЫСЫ ТЕКСЕРІЛДІ

Алматыда жылыту маусымына дайындық бойынша баспасөз туры өтті

(Басы 1-бетте)

Жөндеу науқаны барысында негізгі жабдықтың 70 бірлігін (қазандықтар, турбо және гидроагрегаттар) және ЖЭО-2-БТК екі жылу магистралін жөндеу жоспарлануда, қазіргі уақытта 48 бірлік немесе жалпы санының 68% жөнделді.


Реттелетін қызметтерге арналған «Алматы электр станциялары» АҚ инвестициялық бағдарламасының орындалу барысына ерекше назар аударылды. 2022–2026 жылдарға арналған жылу энергиясын өндіру жөніндегі қызметтерге арналған инвестициялық бағдарлама шеңберіндегі міндеттемелер, түзетулер ескерілді.

Айта кетейік, аталған міндеттемелер Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Алматы қаласы, Алматы облысы және ҚР Энергетика министрлігі департаменттерінің бірлескен бұйрығымен бекітілген, олар өндірістік объектілерді (күрделі жөндеуге) диагностикалауға бағытталған.

2023 жылғы тамыздағы жағдай бойынша инвестициялық бағдарлама шеңберінде жөндеу науқанын нақты орындау ҚКС-сыз 940 млн теңгені құрады.

Бүгінгі күні «Алматы электр станциялары» АҚ бекітілген инвестициялық бағдарламаны іске асыруды жалғастыруда.

«Бүгінгі таңда жылу қазандықтарының жөндеу жұмыстары жүргізіліп жатыр. 70%-ға аяқтап қалдық. 1 қазанда толықтай



Суреттерді түсірген Самат Құсайынов.



бітіріп үлгереміз. Қаланың үлкейіп жатқанын ескереміз. Әрбір жаңа тұрғын үйлердің өзінде жылу қазандықтары бар», – деді бас инженер Бауыржан Қалиев.

Сондай-ақ, жаңадан салынатын ЖЭО алматылықтардың көптен күткен үміті еді. Алдағы жылдары жаңадан жылу қазандығы бой көтеретін көрінеді.

«Жаңадан жылу электр орталығы бой көтереді. Биыл құрылыс жұмыстары басталады. 2026 жылы аяқтау көзделуде. Бұл толықтай заманауи форматтағы газбен жылытылатын болады», – деді бас инженердің міндетін атқарушы Скрябин Алексей.

● ҚАЛАЛЫҚТАР ҚАПЕРІНЕ!

ЖОЛ УАҚЫТША ЖАБЫЛАДЫ

Наурызбай ауданында жолдарды жөндеу үшін кейбір көшелерде қозғалыс шектеледі



Суретті түсірген Самат Құсайынов.

Орташа жөндеу бойынша жоспарлы жұмыстардың жүргізілуіне байланысты Шалыпин көшесінде көлік қозғалысы уақытша шектелетін болады. 14 тамызда сағат 21.00-ден 16 тамызда сағат 06.00-ге дейін – күндізгі және түнгі уақытта Шалыпин көшесі бойынша Әшімов көшесінен Ясауи көшесіне дейін екі бағытта қозғалыс толығымен шектеледі.

Айналма жол Абай даңғылында, Жандосов көшесінде жүзеге асырылады.

Уақытша қолайсыздықтар үшін кешірім сұраймыз. Маршруттарыңызды алдын ала жоспарлауларыңызды сұраймыз.

Маршруттардың уақытша схемалары 2023 жылғы 14 тамыздағы 21.00-ден 2023 жылғы 16 тамыздағы 06.00-ге дейін

№4 – солтүстік бағытта – Грозный к-сі – Қонаев к-сі – Ясауи к-сі – Шалыпин к-сі – бұдан әрі схема бойынша; Кері бағытта – Шалыпин к-сі – Ясауи к-сі – Қонаев к-сі – Рыскулов к-сі – бұдан әрі схема бойынша;

№15 – оңтүстік бағытта – Әшімов к-сі – Абай даңғ. – Ясауи к-сі – Шалыпин к-сі – одан әрі маршрут бойынша; Кері бағытта – Шалыпин к-сі – Ясауи к-сі – Абай даңғ. – Әшімов к-сі – одан әрі маршрут бойынша;

№44 – батыс бағытта – Шалыпин к-сі – Ясауи к-сі – Жандосов к-сі – Рыскулов к-сі – бұдан әрі схема бойынша; Кері бағытта – Грозный к-сі – Жандосов к-сі – Ясауи к-сі – Шалыпин к-сі – бұдан әрі маршрут бойынша;

№50 – оңтүстік бағытта – Ясауи к-сі – Абай даңғ. – Әшімов к-сі – бұдан әрі схема бойынша; Кері бағытта – Әшімов к-сі – Абай даңғ. – Ясауи к-сі – бұдан әрі схема бойынша;

№110 – оңтүстік бағытта – Аспандияров к-сі – Абай даңғ. – Бауыржан Момышұлы к-сіне бұрылыс – бұдан әрі кері бағытта қозғалыс, к/п-ны «Бауыржан Момышұлы ст.» аялдама пунктіне (северная) көшіру; Кері бағытта – «Бауыржан Момышұлы ст.» к/п-дан басталуы – Абай даңғ. – Аспандияров к-сі – бұдан әрі схема бойынша;

№137 – шығыс бағытта – Әшімов к-сі – Абай даңғ. – Ясауи к-сі – Шалыпин к-сі – бұдан әрі схема бойынша; Кері бағытта – Шалыпин к-сі – Ясауи к-сі – Абай даңғ. – Әшімов к-сі – бұдан әрі схема бойынша.

Олжас МҰРАТБЕКҰЛЫ.

● БРИФИНГ

ТӘРКІЛЕНГЕН МҮЛІКТЕР МЕМЛЕКЕТКЕ ӨТТІ

Нұржамал
ӘЛІШЕВА

Алматының сот орындаушылары 1,2 млн-нан астам АҚШ долларын мемлекет кірісіне өткізді. Бұл туралы Өңірлік коммуникациялар қызметі алаңында өткен брифингте мемлекеттік органның өкілдері айтты.

Биылғы бірінші жартыжылдықта Алматы қаласы Әділет департаментінің Мүлікті мемлекет кірісіне айналдыру жөніндегі аумақтық бөлімі қабылдаған іс-шаралардың нәтижесінде мемлекет мүлкіне борышкерлердің ақшалай қаражатын тәркілеу есебінен 1 201 300 млн-нан астам АҚШ долларын, сондай-ақ 155 544 502 млн теңге өтелген.

Мүлікті тәркілеу – сотталғанның меншігі болып табылатын мүліктің барлығын немесе бір бөлігін мемлекет меншігіне мәжбүрлеп өтеусіз алып қоядан тұратын жаза шарасы.

Көрсетілген сомалардан басқа, мемлекет кірісіне: 9 автокөлік; 4 пәтер; 2 тұрақ; 50 354 056,68 теңге сомасындағы халық тұтынатын тауарлар; өзге де заттай дәлелдемелер (алтын бұйымдар, ұйымдастыру техникасы және т.б.) берілді.

Мүлікті тәркілеуді сот орындаушылары

атқарушылық іс жүргізу шеңберінде қылмыстық істер жөніндегі сот үкімі негізінде, сондай-ақ әкімшілік істер бойынша әкімшілік құқық бұзушылық жөніндегі сот қаулысы негізінде жүзеге асырады.

«Осылайша ҚК-нің 48-бабына және ҚР Жоғарғы сотының 2015 жылғы 25 маусымдағы «Қылмыстық жаза тағайындаудың кейбір мәселелері туралы» №4 нормативтік қаулысының 20-тармағында қамтылған түсіндірмелерге сәйкес тәркілеу – қылмыстық жолмен алынған не қылмыстық жолмен алынған қаражатқа сатып алынған мүлікке ғана, ал тәркілеу қылмыстық жолмен алынған мүлікке, сондай-ақ қылмыстық құқық бұзушылық жасау құралы немесе құралы болып табылатын мүлікке. Тәркіленуге жататын мүлік үкімнің қарар бөлігінде нақты айтылуға тиіс. Егер іс бойынша мүліктің пайда болуының қылмыстық сипаты туралы мәліметтер болмаса не мүлік мүлде белгіленбесе, мүлікті тәркілеу, оның ішінде қылмыстық кодекстің осы қосымша жаза түрін міндетті түрде тағайындауды көздейтін Ерекше бөлігінің баптары бойынша тағайындалмайды», – деді Алматы қаласы Әділет департаментінің Мүлікті мемлекет кірісіне айналдыру жөніндегі аумақтық бөлімі филиалының басшысы Шыңғыс Закешов.

Борышкердің мүлкін тәркілеу туралы атқарушылық іс қозғалғаннан кейін мемлекет кірісіне айналуға жататын нақты мүліктің атауы көрсетіледі. Тәркіленуге жататын мүліктің орналасқан жері анықталған кезде сот орындаушысы уәкілетті органға атқару құжатында көрсетілген тәркіленген мүлікті қабылдау қажеттігі туралы хабарлама жібереді.

Тәркіленген мүлікті уәкілетті органдар мүлікті тізімдеу, бағалау және қабылдау-беру актісіне сәйкес қабылдайды.

Мүлікті уәкілетті органдарға бергеннен кейін сот орындаушысы атқарушылық іс жүргізуді тоқтату туралы қаулы шығарады және атқарушылық іс жүргізу «Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы» Заңының 47-бап, 7-тармағына сәйкес аяқталды деп есептеледі.



НЕ БАЙҚАДЫҢЫЗ?

БАЛАҚАЙ, АТЫҢ КІМ?

Есіміңе көңілің тола ма?



Бір әулетте үш келіннің де аяғы ауыр. Және босану уақыттары да бір-біріне жақын. Бір қызығы – үшеуі де қыз күтіп жүр, УЗИ солай деп көрсетіпті. Енді үшеуі құрсағындағы балаға ат таңдап жүр. Маған да жақсы ат ойлай жүрсеңіз деп өтініш айтты. Міне, қызық, осы жерде тосылып қалдым.

**ОН СЕГІЗ МЫҢ
АБАЙ БАР**

Күні кеше елімізде Абай күні аталып өтті. Ұлттық статистика бюросы таратқан мәліметке сүйенсек, Қазақстанда Абай есімді 18 273 адам бар екен. Ал ұлы ақынның шын есімі Ибраһимді иеленгендер – 27 337.

Ал Абай Құнанбаев және Абай Құнанбайұлы деген есімді толық иеленген жандардың саны алпысқа жуықтайды.

Ұлттық статистика бюросының деректеріне сүйенсек, 2022 жылғы мамырда ұл балаларға Әлихан есімі, ал қыздарға Медина есімі көп таңдалған екен. Оның ішінде ұл балаларға ең көп қойылған есімдер рейтингінде Әлихан (218), Айсұлтан (171), Алдияр (139) көш басында тұр. Ал жаңа туған қыздарға маусым айында Медина есімі көп қойылған. Сондай-ақ, Айлин, Айша, Асылым есімдері жиі кездеседі. Қыздарға қойылған есімдер рейтингісі төмендегідей: Медина – 386, Айлин – 270, Айша – 264.

Биылғы танымал ұл және қыз балалардың есімдерінің үздік ондығына да тоқтала кетейік. Ұлттық статистика бюросының мәліметінше, 2023 жылы ең көп қойылған ұл бала есімі – Әлихан (274), ал ең танымал қыз бала аты – Медина (491). Сонымен, танымал есімдердің үздік ондығы төмендегідей: Әлихан – 274, Омар – 231, Алдияр – 205, Амир – 190, Айсұлтан – 185, Али – 180, Алан – 180, Мухаммад – 172, Алинұр – 149, Арсен – 146; Медина – 491, Айша – 393, Асылым – 376, Айлин – 375, Томирис – 279, Раяна – 268, Сафия – 227, Айым – 209, Амина – 208, Аяла – 199.

Байқап отырсаңыз, былтырғыдан көп айырмашылық жоқ секілді.

**Нұржамал
ЖҰМАҒАЛИҚЫЗЫ****ЖІБЕК, МАҚПАЛ,
ШҰҒА**

Капелімде ойыңа қыз баланың есімдері түспей қалады екен. Оның үстіне «ерекше аттар болса» деп салмақтап қойса тіпті қиын екен. Содан ғаламтор бетін шарлап кеттік.

Міне, адам аттары интернетте де толып тұр екен. Айжан, Айман, Айсұлу, Айару, Айжамал, Жібек, Мақпал, Шұға деп кете береді. Мұсылманша атаулар деп оларды бөлек тізіпті. Бірақ бәрі де естіп жүрген есімдеріміз, айналамызда жүрген адамдар. Меніңше, барлық есім өзінше әдемі, өзінше көркем. Тек соның ішінде көңіліңіз жақын тартып тұрғанын таңдау керек шығар.

Шариғат заңы бойынша, нәресте туған соң үш күннің ішінде оған азан шақырып ат қойылады. Сәби есімі үш рет құлағына қайталаңады. Ертеректе әкесі әулеттің баласына есімді молда Құран оқып, кітапқа қарап қойған екен.

Жаңа туған сәби болашақта сыйлы, үлкен тұлға болсын деген ниетпен оның ата-анасы жасы үлкен, ел ішінде абыройлы, әкжүзді адамға ат қоюға қолқа салады. Ал жас ерлі-зайыптының әке-шешесі, ата-әжесі тірі болған жағдайда сәбиге атты сол кісілер қояды. Жастармен келісе отырып, бірге таңдайтын да үлкендер жоқ емес қазір.

**ШАЛАБАЙ мен
ШАЛАБЕК**

Бұрын қазақтар сәбиге ырымдап та ат қоятын болған. Мәселен, нәрестеге тіл-көз тимесін деп Жаманбай, Тезекбай, Сасық, Қисық, Шоқпыт; баласы шетіней берген үйде жас сәбиге Аман, Аманкүл, Есен, Жүрсін, Тұрсын, Тұрсынқұл; көп жасасын деген ниетпен Жүзбай, Мыңжасар, Өмірбек, Ұзақбай; батыр, дана болсын деген сеніммен Абай, Абылай, Исатай, Махамбет, Сәкен, Төлеби; ерекше көзге түскен белгілеріне байланысты Қалдыгүл, Қалдыбай, Меңдібай, Меңдеш; мерзімінен бұрын туып қалған шақалаққа Лекер, Шалабай, Шалабек; соңғы балаға Кенжебай, Кенжегүл, Тойған, Қанағат; ұлы жоқ үйде қыз туғанда Ұлбала, Ұлтуған, Ұлмекен, Ұлбосын, Ұлтуар, Ұлжан, Ұлту, т.б. деп қоятын болған. Тағы бір қызығы, сол қыздардың артынан жалғыз да болса бір ұл келетін болған. Қалай десек те, бір тылсым күштің бары анық.

**«Енді өзіміз қойсақ
дейміз»**

Әсел ҚУАНДЫҚ, тәрбиеші:

– Біздің үш баламыздың атын да туысқандар қойыпты. «Мен қояйын» десе, жастығымыз болар, көңілге қарап «жарайды» дей бергенбіз-ау. Үшеуінің есімдері бір-біріне үйлеспейді. Енді төртінші баламызға атты өзіміз қояйық десек, қай баламызға ұқсатып қоярымызды білмей жүргеніміз (күледі). Негізі, ата-ана баласына атты өзі таңдаған дұрыс деп ойлаймын. Әрине, туысқандардың да ниеті, көңілі дұрыс шығар. Бірақ баланың одан кейінгі өміріне олар емес, өзіміз жауаптымыз ғой. Өз басым, адамның есімі оның кейінгі өміріне әсер етеді деп ойлаймын. Мысалы, Райымбек деп қойса, бала батыр, ержүрек болуға ұмтылады, өзін сол есімге лайықты болу үшін тәрбиелейді деген сияқты.

Әсел БИМЫРЗА:

– Әкем мен анам жас күнінде көңіл жарастырып жүрген кезінде анамды «Әселім» деп еркелетеді екен. Марқұм анамның есімі – Әсем. Үйленген соң тұңғышы мен өмірге келгенде, есімді Әсел деп қоямын депті. Сонда анам «мен ше» деп қызғанып қалады. Бертінде дейін шешем «солай қызғанып бұртқаным бар еді» деп, әкем екеуі өткен күндерін еске алып күлетін. Бүгінде әкемнің Әселін, Әселдің анасын сағынып жүрмін... Есімдіміз әлемдегі ең газжап есім деп есептеймін.

**«Жездеме өмір бойы
ризамын»**

Тоты КАРИМОВА:

– Менің есімдіміз марқұм жездем қойыпты. Жездеме өмір бойы ризамын. Анам перзентханадан босанып үйге келіп, менің атымды «Догдыркүл қояйық» деп пәтуаласып отырғанда, жездем келе қалған ғой. «Құтты болсын, бауы берік болсын! Қыздарыңызға қандай ат қойдыңыздар?», – десе, «Догдыркүл қойдық», – дейді. «Қыз балаға осындай болмайтын атты қоя ма?!», – деп сөйлеген жездем: «Мен қоямын ендеше бұл қыздың есімін. Аты Тоты болады», – деп кеседі. Тарихта Тотығыз деген ақын қыз болған деседі.

Қазір көп мұндай есімдер, бұрын өте сирек кездесетін. Дегенмен, есімдіміз өзіме қатты ұнайды.

Сағадат СЕРІКБАЙ, құрылысшы:

– Менің бір жеңгем бар. Аты – Тасбике. Шешесі жеті құрсақ көтерген, бірақ шетінен кете беріпті. Содан осы жеңгеміз туғанда, тағы да айырылып қаламыз ба деп қорқып, кіндігін тасқа қойып балтамен кесіп, тастай болып тұрсын деп Тасбике атаған. Бір қызығы, сол жеңгеміздің түсі суық, күліп немесе қуанып тұрғанын білу қиын. Балаларын да, немерелерін де бір еміреніп, еркелетіп жатқанын көрмеймін. Бәлкім, жаратылысы, әлде адамның аты оның тағдырына әсер етеді деген рас сөз бе екен деп те ойлап қоямын кей-кейде.



Суреттер ғаламтордан алынды.

P.S.

Адамның аты оның алдағы тағдырына, болмысына әсер ете ме деген сауал төңірегінде ғалымдар XX ғасырдан бері зерттеулер жүргізіп келеді. Адам есімдерін зерттейтін антропонимика деген ғылым солай пайда болған. Ғалымдардың пайымдауынша, адам аты оның өміріне айтарлықтай әсер етеді, баланы неғұрлым жағымды, әдемі есімдермен атаған сайын, тұла бойы да соған сәйкес көркемделе түседі дейді.

Ал сіз есімге қаншалықты мән бересіз? Өз атыңыз ұнай ма, құрметті оқырман?



БІЗДІҢ ҚАЛАНЫҢ ТҰРҒЫНДАРЫ



Кез келген елдің әлеуметтік әлеуеті оның құрылыс саласының дамуына тікелей байланысты. Біздің отандық құрылыс индустриясында жылжымайтын мүлік нарығының көшбасшысы болып танылған BI Group – ірі инновациялық құрылыс холдингі. Аталған іргелі холдингте жоғары білікті 5000-ға жуық қызметкер жұмыс істейді. Олардың сапында біздің бүгінгі кейіпкеріміз, инженер-құрылысшы, «Қазақстанның құрметті құрылысшысы» төсбелгісінің иегері Болат Тұңғышбеков те бар.

АУЛАДАҒЫ БАЛАЛАР

Осынау мәртебелі мамандық-тың жүгін 38 жылдан бері көтеріп келе жатқан Болат Қосақұлы әу баста құрылысшы болуды емес, заңгерлік жолға түсуді армандаған болатын. Тумысынан шыншыл, әділ, адалдықты сүйетін, орнықты мінезді, бір сөзді, өтірікке жаны қас азаматтың бітім-болмысы да бұл салаға жат емес-тін.

Қазақ ұлттық университетінің Заң факультетінде оқуды қатты армандайтын. Бірақ үйдің кенжесі болғасын, ата-анасы оны алысқа, Алматыға жібергісі келмеді. Сондықтан туған елде қалып, сол тұста Шымкентте ең ықпалды оқу орны саналған Қазақ химия-технологиялық институтына оқуға түсіп, «Өнеркәсіптік және азаматтық құрылыс» мамандығын үздік белгімен тәмамдап шықты. Алғашқы еңбек жолын туған жерінде бастады. Екі жыл жұмысшы болды. Одан іскерлігін, шеберлігін бағалаған басшылық мастер, сосын про-раб қызметіне көтерді.

Бірде қаладағы тұрғын үй-лердің бірінің жанынан өтіп бара жатыр еді, ауладағы құмның үстінде сүйкімді балдырғандар бір-біріне былдырлай сөйлеп, ойыншықтарымен шат-шадыман күйде мәз болып ойнап отыр екен. Соңадайда балаларына қарайлап, бір-бірімен шүйіркелесіп аналары, әжелері отыр. Сол сәтте жас құрылысшының кеудесін мақтаныш кернегені бар. «Бұл біз салған, біздің қолымыздың табы қалған үй ғой, үлкенге де, кішіге де жайлы болғанын көрген қандай ганибет!» деп күбірлеген іштей сонда. Шыны керек, өз мамандығының ғажаптығын да сол кезде мойындаған. Біздің кейіпкеріміз сол бір әсерлі сәттен бастап өзін басқа салада елестеткен емес.

МӘРТЕБЕЛІ МАМАНДЫҚ

Одан кейінгі ірі жобаларды қолға алған сәті 2005 жылы Алматыға қоныс аударғанда, «Айсель Қазақстан корпорациясы» ЖШС-де учаске басшысынан басталды. Қазіргі күні «Алматы қаласының Алатау ауданындағы Инновациялық шығармашылық орталығы» жобасының (BI GLOBAL ЖШС) учаске басшысы. Аталған жоба, яғни заманауи Оқушылар сарайы жақын арада балалар игілігіне беріледі. Жаңа ғимараттың тұсаукесер тойы тағу деген сөз. Бұған дейін

«ҚАРАМАЙ ДАУЫЛДАРҒА, ЖАУЫНДАРҒА...»

немесе биік-биік ғимараттар салып жүрген құрылысшы өмірінен бірер сөз



инженер-құрылысшы Болат Тұңғышбековтың тікелей атсалысуымен мегаполистеі «Алатау» емдеу-сауықтыру кешені, «Қайта жаңартылған Телеорталық», «Қалқаман» ықшамауданындағы 1800 орынды мектеп пайдалануға берілген болатын.

– Мамандық таңдау – оқу, диплом алу ғана емес, ол – өмір жолыңды дұрыс таңдау деген сөз. Сондықтан мамандықты таңдауда қателеспеген дұрыс. Мамандығыңды риясыз сүю керек, сонда жетістікке жетесің. Қазіргі жастарға жиі айтып отыратын сөзім осы. Яғни дұрыс таңдалған мамандық иесі қашанда өз ісінің шебері, әрі білгірі болып, сұранысқа ие болып жатады. Ол өз таңдаған бағытын жақсы көріп, сол саланың мақтанышына айнала алады. Біздің холдинг жас мамандарға жағдай жасап отырады. Біз жақсы кадрларды өз ішімізде тәрбиелеп, кәсіптік бағдар беріп, жетілдіріп, биікке шығарып отырамыз. Ал жақсы маман – жақсы жұмыстың кепілі, – дейді Болат Қосақұлы.

Құрылысшы мамандығының қиындығы сол, олар нұсқау беріп жылы кабинетте отырмайды, жылдың төрт мезгілінде де сыртта, далада, шілдіңгір шілденің аптап ыстығында, төпелей құйған

жаңбырдың астында, желдің өтінде, ақ қар, көк мұзда аяқтан суық өтіп немесе шаң-тозаң жұтып, жұмыстың мінсіз, сапалы болуы үшін қас қарайғанша құрылыс басында жүреді. Ал бірақ неше күн, неше түн, қаншама айлар ұйықтамай жасалған жұмыс аяқталып, көз алдарында аппақ, еңселі ғимарат жарқырап шыға келгенде, киналған күндерінің бәрі де ұмытылып қалатыны бар. Бұл – біздің кейіпкеріміздің риясыз сөзі. Иә, олар әрдайым адамдардың игілігі үшін қызмет етіп жатқанын мақтан етеді. Құрылыс алаңында тер төккен құрылысшылар – негізгі еңбек күші. Олар Алматыны түрлендіріп, оның жаңа келбетін қалыптастыруда ерен еңбек сіңіріп жүр.

«АТ ТҰЯҒЫН ТАЙ БАСАР»

«Ат тұяғын тай басар» демекші, Болат Қосақұлының ұлы Диас та майталман құрылысшы бүгінде. Өке өкшесін басып, ізін жалғап келе жатқан ұрпағының болашағынан көп үміт күтеді. Кезінде өзі баптап, өзі жол көрсетіп, тәрбиелеген, осы мамандыққа бауылған ұлының лауазымы қазір әкеден жоғары. Яғни құрылыс жобасы жетекшісінің орынбасары. «Әкеден ұл туса игі, әкенің жолын қуса игі» дейді қазақ нақылы. Сондықтан әрине, әке биік-

ке самғаған ұлының жетістігін асқан мақтанышпен айтады.

Өзі де әкесінен көп жақсыны сіңіре білді. Әкесі Қосақтан еңбек-қорлықты, қолға алған іске әрдайым жауапкершілікпен қарауды, отбасына адал болу сынды қасиеттерді дарытты. Ал аяулы анасы Ұлданаидың күнде дастархан басында айтатын «Бақ, қайда барасың?» десе, «Ынтымағы жарасқан үйге барамын» дейді екен. Құлындарым, әрдайым бауырмал, бір-біріңмен ынтымақта болыңдар» деген сөзі жүрегінде мәңгіге жазылып қалған. Мейірімге толы үні де күні бүгінгідей құлағында. Бүгінде сол сөздерді өз балаларының да жүрегіне қондырды. Ұл-қызы, тіпті немерелері де бір-біріне бауырмал. Болат Қосақұлы бұл сәттерді әлемнің ешбір ғаламатына айыр-бастамақ емес.

Ауылға, елге барғанда атпал азамат екенін бір сәтке ұмытып, анасының алдына дәл бала күндегідей еркелей жата қалатын сәттер де бүгінде сағынышқа айналған. Елге барып келген сайын шешесінің басынан сипаған алақанынан керемет жылу алып қайтушы еді. Сондықтан болар, бүгінде өзінің жасы пайғамбар жасына жетіп қалса да, әлі күнге аяулы анасы еске түскенде, кеудесін сағыныш кернеп, көзі балаша жасаурап қалатыны бар.

БАҚЫТ ҮЙІ

Байлық деген ол үшін ақша емес, денсаулық, отбасының бүтіндігі, ағайын-туыстың амандығы, қажет шақта жаныңнан табылатын жақсы дос, міне, Болат Қосақұлы үшін баға жетпес байлық осы құндылықтар.

Ол әрдайым өз-өзіне сүйеніп үйренген жан. «Жақсы болса – өзімнен, жаман болса да – өзімнен» деген ұстаныммен өмір сүріп келе жатқан азамат. Әлдебір мәселелерде өзгелердің де ой-пікірін тыңдайды, зерделейді, таразылайды, бірақ жеме-жемге келгенде өз ұстанымында қалады. Осы орайда Абайдың «Өзіне сен, өзіңді алып шығар. Еңбегің мен ақылың екі жақтап» деген сөзі бейне өзіне айтылғандай.

Біздің кейіпкеріміз жар таңдауда да қателеспегенін айтады. Жары Сара Үсенқызы – фармацевт. Екеуі үлкен сүйіспеншілікпен отау құрған. Жас отбасының алдында екі таңдау тұрды: дайын пәтерді сатып алу немесе жер алып, үй салу. Жастар соңғысын таңдады. Яғни олар «Бақыт үйін» өз қолдарымен тұрғызғысы келді. Және тұрғызды. Көмекке, әрине, бір құрсақтан шыққан бауырлары да келді. Сол «Бақыт

үйі» туған жерде әлі тұр, Алматыға көшкерде сатуға да қиған жоқ, бақыт-тың мәңгі болғаны жақсы ғой. Қазір бақыт, шаттық, қуаныш шақырып тұратын, бәрінің басын қосатын сол үйде інілері тұрып жатыр.

ТЕЛЕФОН

Бүгінгі өміріне еш өкпесі жоқ. Егер ғайыптан барлық өмірін басынан қайтадан сүру мүмкіндігі беріліп жатса, бір сәтін де, бір парағын да өзгертпестен, дәл осы өмірін қайта сүруге пейілді. Иә, кей-кейде жүрегін сыздатып өтетін бір жағдай бар. Кенже ұлы өмірден ерте, небары 24 жасында өтіп кетті. Ондай сәттері кеудесін мұң кернейтіні бар. Бірақ «Тұяғы бүтін тұлпар, қанаты бүтін сұңқар жоқ» деп өз-өзін жұбатып, бойын тіктеп ала қояды.

Бүгінде ұялы телефон өміріміздің айнымас бөлшегіне айналған. Барлық жұмысты да сол алақандай құрылғымен-ақ тындыра беретін болғанбыз. Тіпті, кейде жұмысбастылығымызды сылтауратып көп нәрсеге уақыт таппай жатамыз. Бірақ біздің кейіпкеріміз балалары үшін әрдайым уақыт табады. Өзімен бір сапта, нық түйістіріп қатар жүрген ұлы Диаспен телефонмен күнге бірнеше мәрте сөйлеседі. Істеп жүрген жұмысы, саласы бір болғандықтан шығар, ой-пікірлері де көбіне бір арнада тоғысып жатады. Бүгінде Түркияда тұрып жатқан қызы Гүлдана-сына «әке» деген дауысын есту, сағынышын басу үшін жиі қоңырау соғады. Әрине, осындай алтын асықтай ұл мен күміс қасықтай қыз сыйлаған, 36 жылдан бері ыстық-суыққа бірге төзіп келе жатқан жарына деген сүйіспеншілігі жоғары. Жұма басталған сәттен келіншегі тәтті, дәмділерін қамдай бастады. Сосын «біз шықтық» деп телефон соғады. Иә, сенбі, жексенбіде немерелері келіп, ата-әженің үйін шуаққа толтырып кетеді.

Ал осындай бақыт құшағында өмір сүріп жатқан құрылысшының еңбектегі әр сәті, әр жұмысы сәтті болмауы тіпті мүмкін емес.

Шыққан биігіңіз аласармасын, мәртебелі құрылысшы!

ТАҚЫРПҚА ОРАЙ

BI GROUP – Қазақстанның жылжымайтын мүлік нарығының көшбасшысы

Біздің кейіпкеріміз Болат Тұңғышбеков еңбек ететін BI Group Қазақстанның жылжымайтын мүлік нарығында 1995 жылдан бері жұмыс істейді және осы уақыт ішінде кәсіби және сенімді серіктес деген атақ лайықты болды.

BI Group – бүгінде құрылыс, девелопмент және инженеринг сияқты әртүрлі салаларда бөлімшелер мен дирекциялардан құралған, құрылымы әртараптандырылған холдинг.

Холдинг жылдан-жылға дамып, қазақстандықтарды жұмыс орындарымен қамтамасыз етіп, Қазақстан экономикасының дамуына сүбелі үлесін қосып келеді.

BI Group барлық деңгейлерде тұрғын үй салады. Қазақстан аумағынан тыс жерлерде де құрылыс саласын дамытуда. Халықаралық мұнай-газ компаниялары үшін аса күрделі жобаларды жүзеге асырады және таяу шетел нарықтарын игеруде.

Құрылыс саласындағы ауқымды мемлекеттік бағдарламаларға қатысады. Өз қызметкерлерінің кәсіби тұрғыда өсуіне және олардың тұрақты оқуына қолайлы жағдай жасайды. Қайырымдылық жобаларымен де алғы шепте жүрген компания.

Холдинг халықаралық қаржылық ашықтық стандарттарын, бизнесті жүргізудің этикалық қағидаттарын, командалық рухты ұстана отырып, корпоративтік басқарудың үздік әлемдік тәжірибелеріне сүйенеді.

Холдинг «Ең үздігін таңда»: жоба, команда, технология, менеджмент» қағидаты бойынша жұмыс істейді. BI Group-тың 100-ден астам басшысы MBA дәрежесін иеленген.

Нұржамал
ӘЛІШЕВА,
журналист.





ТИЛШІ ТАЛДАУЫ

ӘЛЕМДІ РОБОТТАР ЖАУЛАЙДЫ

XXI ғасыр – ғылым мен технологияның дәуірі

Болашақта адам ісінің 50%-ын роботтар атқарады

Дүниеде екі нәрседен қателеспеу керек. Соның бірі – мамандық таңдау. Десек те, алмағайып заманда қайда, қалай, қайтіп қадам басуды білмей тұрған талапкер аз емес. Бірақ бір сөз бар, «тағдырдың жазғаны». Шынында да солай ма?!

Қазір XXI ғасырға ғалымдар «арпалыс ғасыры» деп баға беріпті. Бүгін ашқан жаңалығыңыз, ертең өзекті емес. Футурист Митио Каку «Болашақта адамның ісінің 50%-ын роботтар атқарады, көп мамандықтар жойылады» деді. Әйгілі ғалымның сөзінің жаны бар. Бұл көптен бері айтылып жүрген ой.

Еуропа елдерінде мектеп оқушыларына мамандық үйретіп шығарады екен. Қалай дерсіз? Яғни жасөспірімді 9-сыныпта бейіміне қарай бағыттайды. Машина бөлшектері, компьютерлік бағыт, т.с.с. Тіпті, «Германияда әрбір мектеп бітіруші түлек Opel автомобилінің моторын шашып, қайта жинай біледі» деген әзіл сөз бар. Өзіл түбі – шындық. Сонымен қатар, мектептен арнаулы орта техникалық мамандық иесі болып шығады екен.

Жан-жағыңызға көз жіберіп қарар болсаңыз, жаппай ұмтылыс. Бірінен-бірі асқан ғылыми технология. Әлемнің ЖОО-лары кіл мықтыға есігін ашуда. IT, нанотехнология, робототехнология, машина жасау мамандықтарын игерсеңіз, бітірген соң қайда барамын деп бас қатырмасаңыз да болады. Шетелде алпауыт корпорациялар, холдингтер сізді өзі іздейді. Сапалы маман болсаңыз жетіп жатыр. Дегенмен, шетте бар дүние бізде де кездеседі. Биыл елімізде бөлінген мемлекеттік гранттың басым көпшілігі техникалық бағытта. «Серпін» мемлекеттік бағдарламасына 3653 грант берілген.

Білім әрқашан маңызды. Көпті білген, санаға түйген жан озады. Бұл – ықылым заманнан бері қалыптасқан ұғым. Ғалымдар айтқандай, XXI ғасыр – ғылым мен технологияның дәуірі.

Әлемдік сарапшылардың пікірінше, қазіргі таңда экономист, заңгер, қаржыгерлер керексіз. Бірте-бірте мұны компьютер атқарады екен. Ойланып қараңыз, атағы мықты, бірақ атқаратын жұмысы жоқ. Сонда не болмақ?

Бірде ғаламтордан: «Құдай бермегенді Сорбонна бере алмайды» деген жазу дүниедегі белді оқу орнының мандайшасында жазулы тұрғаны туралы оқыдым. Өте саналы ой.

Бірде Альберт Эйнштейнді университеттен шығармақшы бопты. Себебі, баяу ойланады екен. Солай деп кім ойлаған. Бүгінде Эйнштейн формуласы бар. Көрдіңіз бе, ұлы тұлғалардың өмір жолы да бұралаң болған екен. Қазір уақыт қысқа, таңдау біреу. Осы таңдау әрбір жастың өмірлік тіреуі болғаны абзал. Болашақты бүгіннен қалаңыз. Оң жамбасына келетін мамандықты игерген жөн. Кім білсін, келесі Эйнштейн сіз боларсыз. Сәттілік!..

Гуманитарлық саланы дамыту қажет

Қазіргі таңда техникалық бағыт алдыңғы қатарда. Оған грант та көп беріледі. Жұрттың бәрі IT, робототехника, нанотехнология, биотехнология және т.б. құмар. Өйткені, қаржы мол, табыс толағай. Бірақ гуманитарияны да ескеру қажет. Ғылымның бәрі философия ұғымына саятынын ұмытпайық. Бұл дәлелденген теорема.

Грант бөлінгенде үнемі пікір екіге жарылады. Көбісі ауызша, ойша туындайтын салаға мойын бұруды құптамайды. Оны жай сөз көреді. Дейтұрғанмен, олай емес. Адамзаттың бірінші ұстазы Аристотель физика, метафизика, биология, зоология және экономикадан еңбек жазғаны айқын. Ол поэтика, театр, музыка, логика, риторика, саясат, этика, эстетика салаларын жетік біліп, кітап шығарған. Демек, нақты ғылымдармен қатар, қоғамдық ғылымдардың салмағы да ауыр екендігін аңғартады. Бүгінде әдебиет, тіл, тарих, этнография, археология, философия, саясаттану, өнер бәрі-бәрі керек. Осы салалар зерттелуді аса қажет етеді.

Биыл ресми дерек бойынша 73 мың грант бөлініпті. Оның 60%-ы техникалық бағытта. Гранттардың басым бөлігі «Инженерлік, өңдеу, құрылыс салалары» білім беру бағдарлама топтарына берілді. Олардың саны 18 744 грант деген сөз. Ал «Педагогикалық ғылымдарға» – 12 560 грант, «Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар» саласына – 10 103 грант, «Жаратылыстану ғылымдары, математика және статистика» бағытына – 7388 грант тиесілі. «Серпін» бағдарламасы арқылы түсушілерге 3653 грант бөлінген. Осылайша білімді жастарды қолдауға ниет артты.



Арманшыл қанатыңыз талмасын...

Дүниеде өзінің сүйген ісімен айналысқанға ештеңе жетпейді. Аспан асты елінің ойшылы Конфуций «өзің сүйетін мамандықты таңда, сонда өмірбақи жұмыс істемегендей күй кешесіз» депті. Тауып айтылған нақыл сөз. Жаның қалаған салада қызмет қылу – нағыз бақыт.

Қазақтың көрнекті жазушысы Жүсіпбек Аймауытов «Мамандықтың жаманы жоқ, бірақ оның кез келгеніне икемділік қажет, бұл жай күнелту, тамақ асыраудың ғана жолы емес, үлкен өнерді, зор шеберлікті қажет ететін нәрсе» деген екен. Расында солай.

Бұл дүниеде әркімнің өз арманы бар. Біреу ғарышкер болсам дейді, ендігісі ел басқарған көсем болуды, жұрт сөзін тыңдайтын шешенге айналууды көксейді. Кім не болса да, адам болғаны жөн.

XIX ғасырда Альфред Нобель деген химик ғалым болған. Ол жарылғыш динамит жасаған. Сөйтіп, ғылыми жаңалығы адамдардың өмірін қиыға пайдаланылатынын көреді. Осы ісіне өкінеді. Ақыр соңында әлемде жақсы атын қалдыруды ойлайды. Қателігін түзету үшін «Нобель сыйлығын» шығарады. Құптарлық іс. XX ғасырдың көрнекті физигі Андрей Сахаровты білетін боларсыздар. Академик КСРО аумағындағы 1949 жылы сынақтан өткізілген атом бомбасының авторының бірі. Оның жасаған сутек бомбасы Семейде сыналды. Арты үлкен зардапқа соқтырды. Сол мандағы тірі жан қалмады. Оның жаңалығы 1945 жылғы Хиросима, Нагасаки жарылысынан кем түспеген. Ғалым өзінің қателігін ұғынып қынжылады. Ақыр соңында жаппай қырып-жоятын қарудан бас тарту жолында митингілер ұйымдастырады. Оның бастамасы БҰҰ деңгейінде қолдау табады. 1989 жылы Қазақстанда атом бомбасын сынау түбегейлі тоқтатылады. Оған ақын Олжас Сүлейменов мұрындық болады. Көріп тұрғанымыздай, ойланатын, түйсінетін мәселе көп. Әлемнің екінші ұстазы Әбу Насыр Әл-Фараби «Тәрбиесіз берілген білім – адамзаттың қас жауы» деген екен. Бағамыздың сөзінің жаны бар.

Осы күнгі ең қауіпті құбылыс бар. Ол – жасанды интеллект. Қанша мәрте айтып, жазып жүрміз. Алайда, құлақ асатын пенде жоқ. Технократтар алған бетінен қайтпайды. Ертеңгі күні робот адамның басқаруынан шығып кетпесіне кім кепіл? Экшн фильмдердегідей зомбилер пайда болса қайтеміз?! Олар 5-6 державаның біреуіндегі ядролық бомба тетігін басып жіберсе қайтеміз? Сондықтан мамандық таңдағанда, сол іспен шұғылданғанда қажеттісін алып, керексізін сұрыптайық. Әрине, армандай біліңіз. Десе де, жер бетінде тыныштық, мейірім, бейбітшілікті сақтаудың жолын қарастырған дұрыс.

Жақсы адам игі істің жаршысы

Ұлы тұлғалардың өсиеті ғажап. Айтқан пайымдары астарлы. Көпшілік қалайтын ойды тауып сөйлеген. Ел-жұртына пана болған. Сонысымен тарих беттерінде есімдері алтын әріппен бедерленген.

Біз – пендеміз ғой. Арманымыз көп. Кеудемізде жүрегіміз соғып тұр. Қателескендердің қателігін қайталамауға тырысамыз. Ақын Батырхан Сәрсенхан «адамдардан озу оп-оңай» деген еді. Сөзінің түп-төркінін түсінеміз. Өлгінде біршама ойды қозғадық. Бірін айтып, екіншісін мысалдап өттік. Баршасын саралағанда хакім Абайдың «Толық адам» іліміне келіп саяды. Кемелденген, жан-жүрегі нұрға толылар ғаламдық тепе-теңдікті ұстап тұр.

Қазақтың айбынды дарабозы Абылай хан «Білекке сенген заманда ешкімге дес бермедік, білімге сенген заманда есеміз кетіп жүрмесін» деген екен. Дәп қазіргі сәтте білек күші мен жүректілік, айлакерлік қажет-ақ. Өйткені, жас адамды алда талай сынақ күтеді. Көптеген жандар өз орнын таппай дал. Грант көп бөлінген салаға барады. Стипендия үшін 4 жылын құрбан етеді. Одан да өзіңіз сүйген саланы таңдаңыз. Ақылы болса да оқуды тәмамдап жетістікке жетіп жатқан жандар аз емес.

Жақсы адам әлемге бірдей. Топтап айтқанда, осыған ұйысады. Сөзінің мәйегі болады. Сүйекті тұжырым айтады. Жалғандыққа жол бермейді. Осы қасиеттер бала күннен бойға сіңсе екен. Дүниеде мықты маман болғанша жақсы адам болса, нұр үстіне нұр. Себебі, «сұяда не көрсе, ұшқанда соны іледі» деседі. Жалпы, адамзатқа қажетті ең игі хәм парасатты ой осы деп түсінеміз.

● ТҮЙІН:

Адам баласына өмір бір-ақ рет беріледі. Оны мәнді, сәнді, шуақты ету өз қолыңызда. Неғұрлым өз жолыңызды жаңылмай тандасаңыз, соғұрлым жеңіл болады. Бұл пәниде жазылмаған заңдылық көп. Қиыншылықтар кездеседі. Оқуға ілінбей қалсаңыз кам жеменіз. Әр істің бір қайыры бар. Ең бастысы, сүйген істен артық ештеңе жоқ. Қолда бардың қадірін біліңіз. Бәрі өз ретімен орындалады. Мамандық дұрыс таңдалса, болашақтағы бағытыңыз айқын. Мұны тағдыр мың мәрте дәлелдеп қойған.



Олжас ЖОЛДЫБАЙ,
журналист.



САУАЛНАМА

СӨЙЛЕУ ТІЛІ СҰЙЫЛЫП БАРАДЫ

«Жынды» сөйлеп, жаргонмен «жаратындарға» қалай тосқауыл қоямыз?

Әлемде таза өз тілдерінде сөйлейтін халықтар бар. Олар жапон, корей, түрік және т.б. Олар өз ана тілдерінің бұзылмай, жеңіл, қолайлы қолданылуына аса мән береді. Қазіргі адам жеңіл сөйлеуге құмар. Қысқа тіл қатып, жеңіл жауап бергісі келеді. Сөйтіп, ұзын сөзден қашады. Нәтижесінде жаргонға соқтығыды. Бірақ олқылыққа душармыз. Әйтсе де, көбіміз мән бермейміз. Ақын Абай атамыз: «Бөтен сөзбен былғанса сөз арасы, ол ақынның ақылсыз бейшарасы» деп баға беріпті. Осы өлеңдегі «ақын» сөзін «адам» деп өзгертсе артық болмас еді. Өйткені, бүгінде тілді шұбарлауға құмар болып алғанбыз. Тіл тазалығына назар аудармаймыз. Осыған орай сауалнама әзірлеген едік.



ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІ

оларды оқыту мәселелері
талқыланады

Негізі елде қазақ тілі мен әдебиеті саласына реформа жасау керектігі жиі айтылып жүр. Бұны мүйізі қарағайдай ғалымдар талай мәрте айтып, жазып, ақпарат құралдарына сұхбат беріп келеді. Алайда, әлі де зерделейтін мәселе көп. Бүгінгі жаһандану үдерісі тұсында тілді сақтау аса қажет. Сонымен қатар, қазақ әдебиетінің де өзекті проблемалары жетерлік.

Осы орайда «Qazaq tili» халықаралық академиясы мен Мемлекеттік тілді дамыту институты «Орта мектепте қазақ әдебиетін оқытудың мәселелері» тақырыбында республикалық ғылыми-практикалық «Дөңгелек үстел» өткізеді.

Қазіргі оқулықтарда қазақтың көрнекті ақын-жазушыларының шығармалары әркімге берілгендігі анық. Тұтас жүйе жоқ. Бұл жасыратын нәрсе емес. Қазақта «Ауруын жасырған өледі» дейді. Сондықтан да алқалы жиынға тіл, руханият, мәдениет, әдебиет жанашырлары жиналғалы отыр.

Бізге көбіне жазба әдебиеттен гөрі, XIX ғасырға дейін ауызша әдебиет кең тараған. Өйткені, халқымыз өмірден көрген-түйгенін өз ұрпағына өсиеттеп кеткен.

Кешегі кеңестік кезең ауызша тараған аңыз-әфсаналарды, әңгімелерді, эпостарды онша мойындай қоймады. Көбісін фольклорға жатқызды.

Мектеп оқулықтарындағы қазақ әдебиетінің оқытылу формасы көңіл көншітпейді. Ата-аналар да бұл жағдайға аландаушылық білдіріп келеді. Алайда, нәтижелі шешімін таппай тұр. Көзіқаракты жұрт бала мектептен өзінің ана тіліне қанығып, ұлттық әдебиетімен сусындап өскені абзал деп есептейді. Себебі, бұл Алаш қайраткерлерінің идеясы еді. Ұлт зиялыларының ұстанымы ұлттық дінге тәжімді сақтап қалу болатын.

Сонымен бірге, сарапшылар мектеп жасындағы жасөспірімдерге батырлар жырын, ертегі, хикаят, жаңылтпаш, мақал-мәтел оқытып үйрету керек деген ұстанымда. Былайша айтқанда, ғылыми реформа қажет екен. Көптен бері осындай ерекше ой-пікір, ұсыныстарды ортаға салу қажет болып жүр еді. Соның сәті енді туып отыр.

«Дөңгелек үстелге» Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрлігінің өкілдері, оқулық және бағдарлама авторлары, жоғары оқу орындарының профессорлары мен оқытушылары, мектеп мұғалімдері, ғылыми-зерттеу институттарының қызметкерлері, әдіскер ғалымдар, докторанттар мен магистранттар, БАҚ өкілдері қатысады.

«Дөңгелек үстел» барысында қаралатын мәселелер:

- Қазақ әдебиеті пәнін оқытудың мақсат-міндеттерін айқындау;
- Қазақ әдебиеті пәнін оқытудың жəне шығарма таңдаудың ұстанымы;
- Қазақ әдебиеті пəні бойынша оқу бағдарламасының жетілдірілетін тұстары;
- Жаңартылған білім бағдарламасы негізінде құрастырылған оқулықтардағы кемшіліктер;

• Оқу мақсаттарының тек әдебиет теориясына негізделуі жəне әдебиет тарихының оқытылмауы;

• Жаңадан түзетіліп ұсынылған бағдарлама жобасына қатысты ұсыныстар.

Айта кетейік, «Дөңгелек үстел» 2023 жылдың 16 тамыз күні сағат 15.00-де ҚР Ұлттық кітапханасының Н.Дәулетова атындағы залында өтеді.

Бетті әзірлеген Олжас ЖОЛДЫБАЙ.



Арайлым ҚОЖАН, лингвист:

Тіл тазалығын сақтайық

Қазір қалаға шыға қалсаңыз, 50–60 пайыз шұбарлап сөйлейтіндерді кезіктіреміз. Үлкен қалаларда жаргонсыз таза сөйлейтін, арасына бөтен сөз қосарламайтындар некен-саяқ. Бұл тенденция жыл сайын артуда. Менің пайымдауымша, әлемдік тораптың әсері зор. Бүгінде жас та, жасамыс та ғаламторға телміруде. Мұны Instagram, WhatsApp, Viber, VK сынды әлеуметтік желілердің ықпалының артқанымен байланыстырамын. Өйткені, гаджеттердің дамуы адам санасы, ойлау қабілеті, өмір сүру

дағдысына барынша әсерін береді. Өзімізде күнделікті сол интернеттік ағымынан шыға қоймаймыз. Тез қысқа сөйлеуге жабықпыз. Өйткені, лингвистика ғылымында адам көмекейі жеңіл екпінмен жылдам сөйлеуді жөн көреді дейді. Соңғы кездері астарлы, мағыналы, ұлттық қордағы сөздерді қолдану бәсеңдеді. Дегенмен, көпке топырақ шашпаймыз.

Кез келген ортада тіл тазалығын сақтайық. Өз ана тіліміздің қадір-қасиетін арттырайық. Бөтен сөзбен тілдік қорымызды бейберекет араластырмаған жөн. Сонда ғана жаппай қолданыстағы ыңғайлы тілге айналады.



Өркен МЫРЗАБЕК, тележурналист:

Таза сөйлеп дағдыланған жөн

Қоғамдық ортада көп жүреміз. Сондағы байқағаным, қалада «ок», «бау», «bro» деп шетелшелеп сөйлеген мода екен. Өзім ауылдың қарапайым баласы болған соң, әдепкіде құлағыма біртүрлі естілетін. Кейін үйренеді екенсің. Әсіресе, жастар болып басқосуларда «брат», «шаймаш», «қыртпаш», «картопты жарды», т.б. қосу әдетке айналған. Тіпті, телефондағы хабарламаларды сауатсыз жаза беретін болдық. Бір жағынан, оңай. Сондықтан осылай, қысқа, жеңіл айтуға үйреніп кеттік. Ұзақ әрі

созбалағанды көбісі тыңдағысы келмейді. Меніңше, кімге қалай ұнайды, ол солай істейді.

Біз қалай сөйлейміз, жұрт солай ұғады. Әрнәрсені шатып тұрсақ, бір сөзді мың қайталасақ, дұрыс болмайды. Сондықтан мейлінше архаизмге айналған сөздерді қайтарған абзал. Сонда сөздік қорымыз қайта жанданады. Әйтпесе, жаттанды сөзді айта берсек, ол да бұзылып жаргоннан айырмашылығы болмай қалады. Күнделікті өмірде, отбасында, қоғамдық ортада таза қазақша сөйлесе берсек, көпшіліктің дағдысы қалыптасады. Бәрі өз қолымызда.

Зағипа ТОБАҒАБЫЛОВА, қала тұрғыны:

Көркем сөз көңілге қонымды

Бізді Кеңес Одағы тәрбиеледі. Сол кезеңмен жастық балғын шағымыз тікелей байланысты. Соның өзінде қазақша білім алдық. Орысша кітаптарды да оқыдық. Қаймағы бұзылмаған қазақы ауылда өскен соң ба, таза қазақша сөйлейтін үлкен кісілер көп болатын. Анам мақал-мәтелмен сөйлейтін. Сөйтіп, 1991 жылы егемендік алдық. Әркім басымен қайғы болып кетті. Бәрі тұрмыстың соңына жегілді. Баяғыдай асықпай-аптықпай әңгімелесіп отыратын жағдай азайды. Қысқа-нұсқа сөйлеуге тырыстық. Ым-ишара қолдана бастадық. Ақыры сүйекке сінді. Одан кейін жаргонды жиі қолданатын болдық. Жастардың терминдері шықты. Әлеуметтік желіні пайдаланамыз. Онда мүлдем сауаттылық жоқ. Қазақта «Ауру қалса да, әдет қалмайды» деген рас! Кей-кейде шұбарлап жібереміз. Қарап отырсам, немерелерімде ағылшын мен орысша жаргондар басым. Олар анық, айқын сөйлемейді. Менің таңқалатыным да осы. Дегенмен, көшеде тәп-тәуір сөйлеп бара жатқан

дарды көріп, риза болып қаламын. Осы күні тілдері енді шығып жүрген шөберелерімді таза сөйлеуге, ана тілімізді шұбарламауға үйретіп жүрген жайым бар.

Ғабиден Мұстафин атамыз: «Тіл салақ сөйлегеннен бұзылады» депті. Шынында, ана тілімізге деген ұқыптылық болашаққа салған инвестиция сынды. Бүгінде қоғамның дамуына көз ілеспейді. Ауылдық жерге қарағанда үлкен қалаларда өзгеріске ұшырауы оп-оңай. Сондықтан өткен XX ғасырда осы жаргон сөздердің алдын алу мақсатында бірқанша істер атқарылды. Ақын-жазушылар кітаптары ұлттық тамырдан нәр алып, оқырман зердесіне шуақ шашатын. Соның нәтижесінде шалғайдағы елдімекендерге дейін кітапты кеміре оқитын. Манағы үш буынның пікірін саралай келгенде, интернеттің әсері орасан болып тұр. Десе де, «Көш – жүре түзеледі» дейді.



P.S. Жаргонға жабыса бермеген абзал. Бәрінің басын қисынсыз қоссаңыз, қойырпнаққа айналады. Сонында тіл тазалығы болмайды. Ал ондайлық бізге жат. Сондықтан әрбіріміз таза сөйлеп, тік жүріп, сөз арасын шұбарлауға жол бермейік.



БІРЕГЕЙ ӘДІС

ЖҮРЕК ҚАҒЫСЫ
ҚАДАҒАЛАНАДЫ

Алматылық дәрігерлер жүрек қағысының бұзылуынан өміріне қауіп төнген пациенттерді емдеудің бірегей әдісін қолданысқа енгізді. Иә, №7 қалалық клиникалық аурухананың аритмологтары жүрек қағысы бұзылған науқастарға кардиомонитор орнатуды қолға алды.

Жаңа әдісті аурухананың Интервенциондық кардиохирургия және аритмология бөлімшесінде аритмолог Қанат Ергешев енгізіп отыр. Бүгінде жүрек қағысының түрлі ақауларын анықтайтын диагностикалық аппарат клиниканың алғашқы пациенттеріне орнатылды. Мәселен, 21 жастағы пациент №7 ауруханаға бас ауруы, әлсіздік, есінен айырылу сынды симптомдармен түскен болатын.

Интервенциондық кардиология және аритмология бөлімшесінің меңгерушісі Сәкен Анартаевтың айтуынша, бұған дейін



пациентті невропатолог мамандар қарап, жүйке жүйесінде ақау жоқ деген шешім шығарыпты. «Пациентті жан-жақты тексердік, холтер қойдық. ЭКГ-холтер зерттеулері де жүрек қағысында айтарлықтай ақау жоқ деген нәтиже берді. Содан соң жүрек үшін электрофизиологиялық зерттеу әдісімен тексердік, ол да ештеңе көрсетпеді. Мұндай жағдай-

ларда пациенттерге Reveal қондырғысын орнатып, үйіне жібереміз», – дейді кардиохирург.

Кардиомонитор терінің астына орнатылатынын көрінеді. Көлемі кішігірім флэш-картадан аспайтын аппарат аурудың жүрек қағысын ұзақ уақыт бойы ЭКГ-мониторинг жасауға мүмкіндік береді. «Имплантты орнату 15 минут қана уақыт алады,

операция жергілікті жансыздандыру арқылы жасалады және пациент ауруханада жатпайды. Аппарат жүректің электр импульстарын жазып отырады, аритмолог маман арнайы бағдарлама арқылы жүрек талмасы ұстаған кезде, адам есінен танған сәтте жүрек қағысы қалай болғанын біліп отырады. Мәлімет қашықтықтан алынады, пациентті ауруханаға алдыртудың қажеті жоқ. Осылайша жүрек қағысын 3 жыл бойы бақылауда ұстай аламыз. Диагноз қойылғаннан кейін аппаратты алып тастау ешбір қиындық тудырмайды. Бұл аппарат күрделі диагноздарды анықтауға, ары қарай емдеу тактикасын айқындауға мүмкіндік береді», – деп түсіндірді Сәкен Анартаев.

Дәрігердің айтуынша, жас жігіттердің, мысалы спортшылардың кенеттен өліміне себепкер болып жататын жасырын жүрек дерттерін анықтауға көмектеседі. Reveal аппараты жүрек қағысының белгісіз себептері, есінен танып құлау, түсініксіз себептермен жиі-жиі бас айналуы, жүрек талмасы ұстап есінен айырылу, ара-арасында аз уақытқа енгіту, кеуде қуысының ауыруы, себепсіз шаршау сынды белгілер байқалған пациенттерге орна-тылады.

Айтпақшы, жоспарлы емнің барлық түрі, соның ішінде аталған процедура МӘМС арқылы қаржыландырылады.

СКРИНИНГ

СӘБИДІҢ ҚҰЛАҒЫ ТУҒАН
СӘТІНЕН ТЕКСЕРІЛЕДІ

Аудиологиялық скрининг деп аталатын медициналық әдіс жаңа туған нәрестеде, кішкентай балалардың есту қабілетінің бұзылуын дер кезінде анықтау, мүтедіктікке әкелетін ауруды ертерек емдеу және алдын алу мақсатында жүргізіледі. Бұл туралы Алматы қаласы №36 қалалық емхананың педиатр-дәрігері Мөлдір Досжан тарқатып айтады.

Маман-дәрігердің айтуынша, жаңа туған бөбектер мен 6 жасқа дейінгі балалар аудиологиялық скринингтен өтеді.

«Есту патологиясы баланың дамуына теріс әсер етеді. Атап айтқанда, сөйлеу мен тіл дамуының кешігуіне, әлеуметтік, эмоционалдық және коммуникациялық дағдылардың қалыптасуының бұзылуына, когнитивті дамудың кешігуіне және төмендеуіне әкелетін туа біткен немесе есту қабілетінің ерте жоғалуына әкеледі. Теріс әсердің ауырлығы есту қабілетінің бұзылуының түрі мен дәрежесіне, есту қабілетінің жоғалуының басталу жасына қарай түрлі болуы мүмкін.

Есту қабілеті нашар балаларды есту ортасына біріктірудің сәттілігі көбіне есту қабілетінің жоғалуы қаншалықты ерте анықталғанына байланысты. Егер түзетілмеген есту қабілетінің жоғалуы тілді меңгерудің маңызды кезеңінде болса, онда балалар қабылдау және экспрессивті сөйлеудің терең бұзылуын, өрескел даму кешігулерін бастан өткеруі мүмкін. Есту қабілетінің бұзылуын дер кезінде диагностикалау және көмек көрсету бағдарламасын бастау есту қабілетінің жоғалуының жағымсыз



салдарын барынша азайтудың қажетті шарты болып табылады», – дейді дәрігер.

Ол есту қабілеті бұзылған балалардың шамамен жартысында есту қабілетінің жоғалуы мен керендіктің дамуы үшін айқын қауіп факторы жоқ екенін айтты. Есту қабілетінің жоғалуы ата-ана мен мамандардың назарын аудармай, бірте-бірте пайда болуы мүмкін. Сондықтан балаларды неонатальды кезеңнен бастап жаппай тексеру қажет екенін айтады мамандар.

Жаңа туған нәрестеге арналған аудиологиялық скринингтің бірінші кезеңі өмірінің алғашқы 24–72 сағатында жүзеге асырылады. Екінші кезеңі бала 3 ай, 1 жас, 2 жас, 3 жас, 6 жасқа жеткенде жүргізіледі.

МАМАН КЕҢЕСІ

Менингит те немқұрайлы қарағанды көтермейтін ауру. Алматы қалалық №16 емхананың инфекционист-дәрігері Кәмшат Ибраева менингиттің алғашқы белгілері туралы айтып берді.

ЕРТЕ БАСТАЛҒАН ЕМ
НӘТИЖЕСІН БЕРЕДІ

немесе менингит туралы не білеміз?

Дәрігердің айтуынша, менингит пен ЖРВИ-дің белгілері ұқсас, сол себепті оларды көп жағдайда шатастырып алуымыз мүмкін.

«Менингит – бұл өте күрделі ауру, оны мүмкіндігінше тезірек анықтау маңызды. Сондықтан төменде аталған белгілер анықталған жағдайда, шұғыл түрде емханаға бару немесе жедел жәрдем шақыру қажет. Менингиттің негізгі белгілері – бастың қатты ауыруы. Тіпті, ауырсынуды басатын дәрілерді қабылдағанмен де бас ауыруы қоймауы мүмкін. Науқастың көзі, мойны ауырады, айқын интоксикация пайда болады, егер менингококкемия қосылса, теріге геморгиялық бөртпелер шығады. Сонымен қатар, ауруды тегіс жерге жатқызып, аяғын тік көтерген кезде ауырсынса, онда менингит белгісі деген сөз. Егер кейбіреулері аяғын көтергенмен, мойын мен бастың ауыр-сынуын сезінуі мүмкін. Әрі қарай, дене температурасы 39–40 градусқа дейін жетуі мүмкін, мидағы қысымның жоғарылауына байланысты құсады», – дейді дәрігер.

Менингит белгілеріне сондай-ақ жарық пен дыбысқа сезімталдық, табеттің болмауы, әлсіздік, ал қауіпті белгілеріне құрысулар, тыныс алудың қиындауы, сана-сезімнің төмендеуі жатады. Бұл жағдайда шұғыл медициналық көмек көрсету қажет.

«Уақытылы көмек болмаған жағдайда ауыр асқынулар, оның ішінде ми қызметінің бұзылуы, сал ауруы, тіпті өлімге әкелуі мүмкін. Дәрігерге дер шағында бару ғана науқастың өмірін сақтап

қала алады. Уақытылы басталған ем нәтижесін береді», – дейді дәрігер.

Егер менингит белгілері бар науқас үйде екі-үш күн жатып алса, онда барлығы ағымдағы жағдайға байланысты болады. Егер белгілер кенеттен пайда болса, онда өлімге әкелуі мүмкін. Бұл ретте көп нәрсе уақытқа байланысты. Жалпы, менингококкемия қанда менингококктың бар екенін білдіреді. Дәрігер аурудың маусымы жаз, күз мезгілдерінде белсенді болатынын атап өтті.

«Өзіңіз бен балаларыңызды менингиттен қорғау үшін жеке гигиенаның қарапайым ережелерін сақтау керек. Яғни тамақ ішер алдында қолыңызды, көкөністер мен жемістерді мұқият жуыңыз, оларды қайнаған сумен шайыңыз. Тек қайнатылған немесе бөтелкедегі суды ішіңіз. Тек ресми рұқсат етілген жерлерде шомылыңыз. Шомылу кезінде суды жұтып қоймауға тырысыңыз, өйткені вирус сыртқы ортада төзімді және суда ұзақ уақыт сақталуы мүмкін. Адам көп жиналатын жерден аулақ болыңыз, бөлмелерді жиі желдетіңіз», – дейді дәрігер.

Сондай-ақ, бұл ауру ауа-тамшы жолымен де жұғады. Егер отбасында бір адам жұқтырған болса, онда емханаға хабарлама беріледі және барлығы тексеріледі. Егер отбасы мүшелерінде симптомдар табылмаса, онда мұрын- жұтқыншақ жағындысы алынады. Қалай болғанда да, маман кеңесін есте сақтап жүрейік.

Бетті әзірлеген
Нұржамал ӘЛШЕВА.



«Almaty aqshamy» газеті Алматы мен Астана қалаларына, сондай-ақ, Алматы, Ақтөбе, Атырау, Шығыс Қазақстан, Жамбыл, Батыс Қазақстан, Қарағанды, Қызылорда, Қостанай, Маңғыстау, Павлодар, Солтүстік Қазақстан, Түркістан облыстарына тарайды.

ЕГЕР:

* мекемеңіздің, компанияңыздың жұмысы ілгерілесін десеңіз;

* бизнесіңіз мол табысқа қол жеткізгіңіз келсе;

* әр бастаған ісіңіз сәттілік пен пайда әкелсін десеңіз

«Almaty aqshamy» газетіне
ЖАРНАМА беріңіз де, ТАБЫСКЕР болыңыз!

«Almaty aqshamy» Жарнама бөліміне хабарласып, қажетті ақпаратты мына телефондар арқылы ала аласыздар:

8 (727) 293-08-12, 293-08-25.

ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!

ЕГЕР:

* құттықтау, хабарландыру, еске алу жариялау ниетіңіз болса;

* құжаттарыңызды жоғалтқаныңыз, жеке кәсіпкерлік қызметті тоқтатқаныңыз туралы, мұрагерлік және басқа да ресми құжаттарды рәсімдеу жайлы хабарлама жасау қажеттілігі туса, Бізге хабарласыңыз!

«Almaty aqshamy» жарнама бөліміне хабарласыңыздар:
8 (727) 293-08-12, 293-08-25.
Барлық сауалдар бойынша жұмыс күндері
сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін

ШЕШІМ

Алматы қаласы мәслихаты шешімін мемлекеттік тіркеу туралы АҚПАРАТ

Алматы қаласы мәслихатының 2023 жылғы 9 тамыздағы №36 шешімі Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау Банкінің мемлекеттік тізілімінде электрондық түрде 2023 жылғы 10 тамызда №184854 болып тіркелді.

ШЕШІМ

2023 жылғы 9 тамыз

№36

«Алматы қаласында тіркелген Қазақстан Республикасы азаматтарының жекелеген санаттарына амбулаториялық емдеу кезінде тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемін, оның ішінде дәрілік заттарды, арнайы емдік өнімдерді, медициналық бұйымдарды қосымша тегін беру туралы» Алматы қаласы мәслихатының 2020 жылғы 30 қазандағы №497 шешіміне толықтырулар енгізу туралы

Алматы қаласының мәслихаты **ШЕШТІ:**

1. «Алматы қаласында тіркелген Қазақстан Республикасы азаматтарының жекелеген санаттарына амбулаториялық емдеу кезінде тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемін, оның ішінде дәрілік заттарды, арнайы емдік өнімдерді, медициналық бұйымдарды қосымша тегін беру туралы» Алматы қаласы мәслихатының 2020 жылғы 30 қазандағы №497 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №1656 болып тіркелген) шешіміне келесі толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген шешімнің қосымшасында:

«Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберіндегі дәрілік заттар» 1-бөлімі келесі мазмұндағы қырық тоғызыншы, елуінші, елу бірінші, елу екінші, елу үшінші, елу төртінші, елу бесінші, елу алтыншы, елу жетінші, елу сегізінші жолдармен толықтырылсын: «

49)	Аорта доғасы синдромы (Такаясу)	«Тоцилизумаб»
50)	Миелодиспластикалық синдром	«Азацидин»
51)	Туберозды склероз	«Эверолимус»
52)	Крон ауруы	«Инфликсимаб»
53)	Сананың бұзылуымен және екі жақты тоникалық-клоникалық ұстамалармен фокальді ұстамалары бар симптоматикалық фокальді эпилепсия. Антikonвульсанттарға төзімділік. Оң жақ төбе бөлігінде түзілуі (ДНЭО-дисембриопластикалық нейроэпителиальды ісік, ми қыртысының мальформация түрі)	«Финлепсин ретард»
54)	Остеопороз	«Денозумаб»
55)	Ұстамалы гемоглобинурия, түнгі	«Экулизумаб»
56)	Криптогенді ошақты эпилепсия	«Леветирацетам»
57)	Стилл ауруы	«Анакинра»
58)	MELAS синдромы	«Цитруллина малат» «Убидекаренон»

».

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Алматы қаласы
мәслихатының төрағасы

М.ОТЫНШИЕВ.

«ALMATY AQSHAMY» ГАЗЕТІНЕ ЖАЗЫЛЫҢЫЗ!

«Almaty aqshamy» газетіне
2023 жылға жазылу жүріп жатыр!

«ALMATY AQSHAMY» – алматылықтардың да, еліміздің барлық дерлік өңірлеріндегі оқырмандарымыздың да асыға күтетін, сүйіп оқитын басылымы! Қазақ сөз өнері мен журналистикасының дәстүрлі мектебі!

«ALMATY AQSHAMY» жарияланымдары мектептерде, колледждер мен университеттерде оқылады, әлеуметтік желілерде зерделеніп, талқыланады.

БІЗ газетімізді асыға күтетін оқырмандарымызбен және тұрақты авторларымызбен әрдайым БІРГЕМІЗ!

«Almaty aqshamy» газетіне «Қазпошта» АҚ Алматы поштамты бөлімшелерінде, «Евразия Пресс» агенттігі», «Эврика Пресс» пен «Дауыс» ЖШС-нің өкілдіктерінде жазылуға болады.

Бізді almaty-akshamy.kz сайтынан да оқыңыздар!

«ALMATY AQSHAMY» ГАЗЕТІНЕ 2023 ЖЫЛҒА ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСТЕРІ:

65503 (жеке жазылушылар үшін) 1 айға – 600,50 теңге, 3 айға – 1801,50 теңге, 5 айға – 3002,50 теңге
15503 (кәсіпорындар мен ұйымдар үшін) 1 айға – 1620,50 теңге, 3 айға – 4861,50 теңге, 5 айға – 8102,50 теңге
95503 (зейнеткерлер, мүгедектер мен ҰОС ардагерлері үшін) 1 айға – 440,50 теңге, 3 айға – 1321,50 теңге, 5 айға – 2202,50 теңге

Анықтама үшін телефондар:
8 (727) 293-08-12, 293-08-25.

ҚАЛАЛЫҚТАР ҚАПЕРІНЕ!

«МЕКТЕПКЕ ЖОЛ» АКЦИЯСЫ

Алматыда балаларды оқу жылына дайындауға қалай көмектеседі?

«Жалпыға бірдей білім беру» қорынан бір оқушының мектеп формасы мен кеңсе, керек-жарақтарын сатып алу үшін 43 мың теңге жұмсалды екен. Қалалық Білім басқармасының мәліметі бойынша, биыл осы қордан ХЭОТ санатындағы (халықтың әлеуметтік осал топтары) 15 мыңнан астам оқушы көмек алды.

«Жалпыға бірдей білім беру» қорын жергілікті бюджет қаржыландырады. Осы қордан бөлінетін атаулы әлеуметтік көмекті мына санаттағылар пайдалануға құқылы:

1). Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек (бұдан әрі – АӘК) алуға құқығы бар отбасылардан шыққан балалар;

2). Жан басына шаққандағы орташа табысы ең төменгі күнкөріс деңгейінен төмен мемлекеттік АӘК алмайтын отбасылардан шыққан балалар;

3). Ата-анасы жоқ немесе ата-ананың қамқорлығынсыз қалған балалар;

4). Төтенше жағдайлар нәтижесінде шұғыл көмекті талап ететін отбасылардан шыққан балалар;

5). Білім беру ұйымының алқалы органы айқындайтын білім алушылар мен тәрбиеленушілердің өзге де санаттары;

Ата-ана, баланың заңды өкілі материалдық көмек алу үшін eGov.kz электрондық үкімет порталы арқылы немесе Халықты жұмыспен қамту орталығына өтінім береді. Сонымен қатар, Білім басқармасына басқа да жағдайларды растайтын құжаттарды ұсынуы қажет.

Қаржылық және материалдық көмек алуға арналған тізім оқу жылы барысында бір рет жасалады.

Жоғарыда аталған санаттарға жатпайтын оқушылар «Мектепке жол» республикалық акциясы аясында демеушілер мен меценаттар есебінен көмек ала алады. Биыл акция 1 тамызда «Жақсылық жаса» ұранымен басталып, 30 қыркүйекке дейін жалғасады.

«Мектепке жол» акциясына қатысушылар алдымен білім беру ұйымына өтініш берулері қажет. Бүгінгі таңда білім беру ұйымдарына 500-ге жуық өтінім келіп түскен.

Акцияға қатысып, балаларға көмек көрсеткісі келетін демеушілер, меценаттар және басқа да қаланың барлық қайырымды тұрғындары аудандық білім бөлімдеріне сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін хабарласа алады.

Акция туралы қосымша ақпаратты келесі **жедел желі телефондары** арқылы білуге болады:

Алатау ауданы бойынша: +7 708 970 50 42.
Алмалы ауданы бойынша: +7 702 725 33 63.
Әуезов ауданы бойынша: +7 702 327 36 69.
Бостандық ауданы бойынша: +7 777 280 66 50.
Жетісу ауданы бойынша: +7 708 935 94 98.
Медеу ауданы бойынша: +7 700 996 56 89.
Наурызбай ауданы бойынша: +7 702 196 68 05.
Түркісіб ауданы бойынша: +7 701 615 49 78.

Рая ЕСКЕРМЕСҚЫЗЫ.



Бас директор –
Ержан ҚАЛЫМБАЙҰЛЫ
Қабылдау бөлмесі:
тел: 293-08-03.

Бас директордың орынбасары –
Абдухалил ЖАЛИЛОВ
тел: 293-08-03 (ішкі 102).

Бас директордың шығармашылық жөніндегі орынбасары –
Гүлжазира СЕЙДАХМЕДОВА
тел.: 293-04-28.

Бас редактор –
Төрехан ДАНИЯР
тел: 293-52-24.

Бас редактордың орынбасары –
Әнуарбек ӘУЕЛБЕК
тел: 293-52-36.

Жауапты хатшы –
Серік ЖҰМАБАЕВ
тел: 293-52-43.

Жаңалықтар мен ақпарат бөлімінің редакторы –
Рая ЕСКЕНДІР

Қала тынысы бөлімінің редакторы –
Нұржамал ӘЛІШЕВА

Шаһар шаруашылығы және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық бөлімінің редакторы –
Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ
тел: 293-52-36.

Коммерция бөлімінің жетекшісі –
Куаныш ДЮСКАЛИЕВ
тел: 293-08-12.
e-mail: d_kuanysh@mail.ru

Жарнама және тарату бөлімінің менеджері –
Әсел ТАШИБАЕВА
e-mail: dalemesh@vecher.kz
тел: 293-08-12.

Шығармашылық даму жөніндегі кеңес

Кеңес төрағасы –
Олжас СҮЛЕЙМЕНОВ

Кеңес мүшелері:
Мұрат ӘУЕЗОВ,
Сағымбай ҚОЗЫБАЕВ,
Сейітқазы МАТАЕВ.

Газетті жеткізу бойынша шағымдар болса, «Қазпошта» АҚ Алматы почтамтына:
+7 707 932 39 18 телефондары арқылы хабарласыңыз



Республикаға тарайтын қоғамдық-саяси қалалық басылым.

Меншік иесі:
«Alatay Aqparat» ЖШС.
alatayaqparat@mail.ru
Мекенжайымыз:
Индекс: 050022.
Шевченко көшесі, 106 А.

Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады.
Апталық таралымы – 18 663

Кезекші редактор –
Рая ЕСКЕНДІР

Газет Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде тіркелген. Тіркеу туралы №КЗ80VPY00026040 куәлігі 19.08.2020 жылы берілген.

Газет «Almaty aqshamy»-ның компьютер орталығында теріліп, беттелді. Суреттердің сапасына редакция жауапты. Жарнама мәтініне жарнама беруші жауап береді. Автордың мақалалары редакция көзқарасын білдірмейді. Газет «Дәуір» ЖШС РПБК-де басылды. 050044, Алматы қаласы, Қалдаяқов көшесі, 17. Тел.: 273-50-53. Офсеттік басылым, көлемі 2 баспа табақ.

«Almaty aqshamy» газетінің электронды нұсқасы
«AIR ASTANA»
әуе компаниясы бортындағы жолаушыларға қолжетімді.



САУАЛНАМА

БАЛАҢЫЗ ЕДЕН ЖУСА,
ҚАЛАЙ ҚАРАЙСЫЗ?

Баланың жасаған жұмысы білінбейді. Дегенмен, осы бір қағылез баланың терін сүртіп қойып, еден жуып жатқанын көргенде іштей аяушылық па, жанашырлық па білмеймін, әйтеуір менде бір сезім пайда болады. Көп ұзамай әлгі баламен танысудың да сәті туды. Сөйтсем, анасының орнына үнемі болмаса да, кезектесіп еден жуып жүреді екен. Қаладағы колледждердің бірінде оқитын жасөспірімнің айтуынша, алғашқы кезде қысылып, ұялғанымен, қазір әбден үйреніп алған көрінеді. Жалпы, баланы еңбекке баулыған дұрыс деп жатамыз. Сіздің ойыңызша, баланың еден жуғаны жөн бе?

Сәбира ӘЛІПБАЕВА,
үй шаруасындағы ана:

ЕҢБЕК БӘРІН ДЕ
ЖЕҢЕДІ

Біз бала күнімізде сабақтан соң сыныптың еденін жуатынбыз. Алыс ауылда ыстық су қайдан болсын?! Салқын сумен жуып шығамыз. Судың өзін мектептің ішінен емес, көрші үйден әкелетінбіз. Сол кездегі ата-аналар шағымданып, арызданбайтын. Біз де үйге келгенде еден жуғанымызды айтпауға тырысамыз. Қазіргі кезде балаларымыз еден жумақ түгіл, қоқысты да шығармайды ғой. Негізі, еңбек етіп, тер төгіп жатса, өзі үшін жақсы болар еді.

Сара НҮРПЕЙІСОВА,
мұғалім:

ОДАН ЖАҚСЫ БОЛМАСА,
ЖАМАН БОЛМАЙДЫ

Мен бұл жерден еш сөкеттік көріп тұрған жоқпын. Тіпті, бізде «балалар еден жумасын» деген заң жоқ қой. Сондықтан оған айрықша мән беріп жатудың өзі артық дер едім. Меніңше, ұл болсын, қыз болсын, үй жұмысына епті болса, күні ертең өзіне жақсы. Одан жақсы болмаса, жаман болмайды.



Шоқан ТЕМІРХАНҰЛЫ,
көлік жүргізуші:

ҮЙ ШАРУАСЫНА ПЫСЫҚ БОЛДЫҚ

Біздің отбасымызда кілең ұл бала болдық. Сондықтан үйді өзіміз жинап, еден жуатынбыз. Кезектесіп тамақ та жасаймыз. Жаз болса, есік алдын сыпырып, гүл өсіреміз. Ол кезде қазіргідей кір машинасы деген жоқ. Кір-қоңымызды қолымызбен жуып аламыз. Әйтеуір анамызға «әттең, қызым болғанда ғой» деп айтқызбадық. Үйдегі жеті ұлдың барлығы тәрбиелі, үй шаруасына пысық болып өстік. Қазір барлығымыз өз алдына үй болдық. Анамыз қарашаңырақтағы кенже ұлымен тұрып жатыр. Жасы тоқсанға келіп қалды. Бала күнімізде атқарған үй шаруасы есейіп, ересек болғанда да алдыңнан шығады екен. Қазір әйелім кешігіп жатса, ұсақ-түйекті өзім жасай саламын.

Қайрат ІЗБАСХАНҰЛЫ,
кәсіпкер:

ЕҢБЕКҚОР АДАМНЫҢ
ЕҢСЕСІ ТІК БОЛАДЫ

Балалардың еңбек еткеніне қарсы емеспін. Біреу мәжбүрлеп, еңбегін қанап жатса, сөз басқа. Ал өзі үшін тірлік етіп жатса, оның несі жаман екен? Қайта еті тірі болып өспей ме? Менің балам еден жуып, сауда жасап жатса, мен қайта қуанар едім. Еңбекқор адамның еңсесі тік болады.

БӘРЕКЕЛДІ!

Мемлекет басшысының тапсырмасына орай, жаңа оқу жылынан бастап еліміз бойынша барлық 1–4-сынып оқушылары тегін ыстық тамақпен қамтылатын болады.

ТЕГІН ТАМАҚПЕН
ҚАМТЫЛАДЫ

Жаңа оқу жылынан бастап әлеуметтік аз қамтылған отбасынан шыққан 1,5 млн оқушы мен әлеуметтік мәртебесіне қарамастан 1–4-сыныптың оқушылары ыстық тамақпен қамтылатын болды. Жалпы, елімізде тегін тамақтану құны 577 теңге болса, ең жоғарғы баға мөлшері Алматы қаласында – 800 теңгені құрап отыр.

Осылайша бұған дейін 1–4-сынып оқушыларын тегін тамақпен қамту 56,6 пайызды құраған болса, осы жылы жүз пайыз қамтылатын болады. Бұл ретте Астана, Алматы, Шымкент қалалары, Атырау, Батыс Қазақстан, Қарағанды, Павлодар, Қызылорда облыстарының жұмысын ерекше атауға болады.



Бетті дайындаған
Рая ЕСКЕНДІР.

КАРИКАТУРА СӨЙЛЕСІН

БАҚ-ТЫҢ БАСЫНАН



БАҚ ҚАШЫП ТҰР



Карикатураны салған Ғалым СМАҒҰЛҰЛЫ.

ВАЛЮТА
БАҒАМДАРЫ



EUR/KZT 489,28 теңге



USD/KZT 445,81 теңге



RUB/KZT 4,53 теңге



CNY/KZT 61,59 теңге